

"Мемавтоинспекцияның" тіркеу-сынақтан өткізу қызметін жетілдіру туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі 1996 жылғы 24 маусымдағы N 217. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 18 маусымда N 322 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрлігінің 1998 жылғы 12 қазан N 343 бұйрығымен. ~V980679

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 ж. 21 қарашадағы "Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары туралы" U952707_ Заң күшіндегі Жарлығына , Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 1995 ж. 11 қарашадағы "Штат мәселелерін ұйымдастыру туралы N 118 бұйрығына байланысты жүргізуші куәліктерін және көлік құралдарының тіркелуі туралы куәліктерді дайындау мен беру жайлы орталық жүйе құрылуына орай және Қазақстан Республикасы ІІМ Мемавтоинспекциясының тіркеу-сынақтан өткізу қызметін онан әрі жетілдіру мақсатында бұйырамын:

1. 1996 жылдың 1 тамызынан төмендегі ережелер енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен бекітіп жүзеге ассын:

- Қазақстан Республикасындағы механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекеттік тізімге алу /N 1 қосымша/.

- емтихан өткізудің, азаматтарға жүргізуші куәлігін беру мен оларға көлік құралдарын жүргізуге рұқсат етудің тәртібі туралы /N 2 қосымша/.

- тіркеуге алу іс қағаздарын, жүргізуші куәліктерін, жүргізуші куәлігі талондарын, көлік құралдарының сандық белгілерін қабылдау, есепке алу, сақтау , жұмсау тәртібі және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік автоинспекциясы тіркеуге алу-емтихан өткізу бөлімшелерін тексеру турасындағы нұсқаулар /N 3 қосымша/ .

2. Облыстардағы, Алматы және Ленинск қалаларындағы ішкі істер және көлік Мемлекеттік басқармаларының бастықтарына:

2.1. Мемлекеттік автоинспекция қызметкерлерінің бәріне және ішкі істер саласындағы басқа да қызмет иелеріне Ережені, тәртіпті /положение/ және нұсқауларды оқыту қамтамасыз етілсін.

2.2. Оларды орындау жұмыстары ұсынылған іс қағаздарына барынша сай ұйымдастырылсын .

2.3. Ережелер мен нұсқаулардың талаптарының орындалуын облыстар / қалалар/ ІІМ Мемлекеттік автоинспекциясы басқармаларының /бөлімдерінің/ бастықтары жеке өз жауапкершілігіне алсын.

2.4. 1996 жылдың 1 тамызына дейін Ереже мен тәртіптің мазмұны мен талаптары көлік құралдары жүргізушілерін даярлайтын мекемелерге, кәсіпорындар мен ұйымдарға, оқу орындарына таныстырылсын және бұқаралық ақпарат құралдары арқылы тұрғындарға кеңінен түсіндіру ісі жүргізілсін.

2.5. Ережеде, тәртіпте, нұсқауларда көрсетілген қызмет қағаздарының бланкаларын даярлау ұйымдастырылсын және олармен мемавтоинспекция бөлімшелерін жабдықтау қамтамасыз етілсін.

3. Қазақстан Республикасы ІІМ мемлекеттік автоинспекциясы Бас басқармасына /А.В.Ковальчук/.

3.1. 1996 жылдың маусымында облыстардағы ІІМ МАИ Басқармаларының /бөлімдерінің/ тіркеуге алу, емтихан өткізу бөлімшелері қызметкерлерінің, ұйымдар мен азаматтарға олардың жұмысын одан әрі жетілдіру және осы бұйрыққа сай қызмет көрсетудің деңгейін көтеру турасында Республикалық семинар - кеңес өткізілсін.

3.2. 1996 жылдың қорытындысы бойынша, Қазақстан Республикасы ІІМ

Мемлекеттік автоинспекциясының тіркеуге алу, емтихан өткізу қызметі туралы шолу дайындалсын.

3.3. 1996 жылдың екінші жартысында, қажет еткен министрліктер мен ведомстволарға, сондай-ақ заң қызметкерлері мен Қазақстан Республикасы азаматтарына тарату үшін Ереже мен тәртіптен іріктеліп алынған жеке кітапшалардан 5 мың данасын басып шығару қамтамасыз етілсін.

4. ҚР ІІМ 1994 жылғы N 217 бұйрығының күші жойылсын.

Ішкі істер Министрі Қазақстан
Республикасы ішкі әскерлер
қолбасшысы генерал-лейтенант

Қазақстан Республикасы ІІМ-нің
1996 жылдың 24 маусымдағы
N 217 бұйрығына N 1 қосымша

Қазақстан Республикасында автотокөлік
құралдары мен олардың тіркемелерін мемлекеттік
тіркеуге алудың
ЕРЕЖЕСІ

Қозғаушысының жұмысшы аумағы 50 куб/см-ден, барынша жылдамдығы 50 км/сағаттан асатын автомотокөліктер мен оның тіркемелерін есепке алу, Қазақстан Республикасының ағымдағы заңдары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы және басқа да нормативтік-құқылы актілері негізінде жасалады және көлік құралдарының, халықаралық магистральдарды қоса барлық жолдарда жүруге мемлекеттік тұрғыдан рұқсат беру шарасы болып табылады. Оның мақсаты - көлік құралдарының құрылымы, техникалық жағдайы және жабдықтылығы белгіленген қауіпсіздік талаптарына сай болуын; сондай-ақ иемдену тәртібін сақтау, оларды алу, пайдалану, біреуге беру, жарамсыздыққа шығару, әскери көлік міндеті тұрасындағы заңдарды бұлтартпай орындау, иелерінің тиісті салықтар мен төлемдерді төлеуі, автомотокөліктерді орталық және аймақтық есепке алу, қылмыс және басқа да тәртіп бұзушылықпен күресу жұмыстарын толық та тиянақты бақылау.

Ескерту: Бұдан былай Ережелер делінеді
Бұдан былай көлік құралдары делінеді

Осы Ереженің мақсаты үшін төмендегідей ұғымдар пайдаланылады:

- "Көлік құралдарын мемлекеттік тіркеуге" - Мемавтоинспекцияның есепке алу, мемлекеттік тіркеудің сандық белгісін және көлік құралдарына, жолдағы қозғалысқа қатысуға заң актілеріне сай рұқсат беретін ресми іс қағаздарын беру қ ы з м е т і ;

Ескерту: Бұдан былай сан белгі делінеді

- "Тіркеудегі өзгерістер" - көлік құралдары есептік мәліметтері мен іс қағаздарына, тиісті құқылы негіздер болғанда жасалатын өзгерістер мен т о л ы қ т а м а л а р ;

- "есепке алу пункті" - көлік құралдарын есепке алуда, заң тұрғысынан әрекет жасайтын Мемлекеттік автомобиль инспекциясының бөлімшесі;

- "Көлік құралының иесі /иесінің өкілі/" - көлік құралының меншік иесі, болмаса белгіленген заң актілері негізінде және шеңберінде иелік ететін, не пайдаланатын, не жұмсай алатын азамат.

Ескерту: Бұдан былай заңды тұлға делінеді.
Бұдан былай иегер делінеді.

- "Есепке алудың іс қағаздары" - біркелкі үлгідегі есепке алу куәліктері; көлік құралдарының, жолда жүруге қатысу құқысын растайтын, заңды іс қағазы болып табылатын техникалық құжаттар /N 1, 2, 3, 4-қосымшалар/.

Бұл Ереже меншіктің қай түріндегі болмасын барлық кәсіпорындардың мекемелер мен ұйымдардың, ведомстволардың, азаматтардың және заңды тұлға деген статусы бар кісілердің, сондай-ақ шет елдік азаматтар мен заңды тұлғалардың, азаматтығы жоқ адамдардың егелігіндегі көлік құралдарын /бұған басқа мемлекетте есепте тұрып, Қазақстан Республикасына 6 айдан аса мерзімге әкелінген көлік құралдары да жатады/ Қазақстан Республикасы ІІМ автомобиль инспекциясына мемлекеттік тіркеу /тіркеуге өзгеріс енгізу/ мен есепке алуды Қазақстан Республикасы бойынша бірдей тәртіпке келтіреді және мемавтоинспекцияның аталған қызметтерінің тиісті мөлшерін белгілейді.

1. Мемлекеттік автомобиль инспекциясы БеЛаз, МсАЗ сияқты жолдарға шықпайтын автомобильдерді, жарыс және жалпы жолдарға шықпай, жабық аймақта пайдаланылатын, технологиялық көлік құралдарын, сондай-ақ трамвайларды, троллейбустарды, мопед велосипедтерді тіркеуге алмайды.

Қазақстан Республикасының заңдарға сәйкес құрылған қарулы күштері мен Республика Гвардиясы, шекара, ішкі, арнайы /мемлекеттік байланыс, инженер-техникалық, темір жол әскерлерінің көлік құралдарының тіркеудің т ә р т і б і б а с қ а .

Белгіленген тәртіппен тіркеуге алынбаған көлік құралдарын пайдалануға т ы ы м с а л ы н а д ы .

1.2. Ереже, көлік құралдарының егесі не оның өкілі саналатын барлық Қазақстан Республикасы азаматтары мен заңды тұлғаларына, шет ел заңды тұлғалары мен азаматтарына, азаматтығы жоқтарға, сондай-ақ қызметі көлік құралдарын өндіру, сату не пайдалануға байланысты болатын заңды тұлғалар мен кәсіпкер азаматтардың бәріне міндетті.

1.3. Көлік құралдарын тіркеуге, есептен шығару, тіркеуге өзгерістер енгізу істерін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі мемлекеттік автомобиль инспекциясы жүзеге асырады және МАИ-дің облыстық, қалалық бөлімдері ж ү р г і з е д і .

1.4. Иелері меншігіндегі көлік құралдарының тіркеу не олардың тіркеу мәліметтерін өзгерту үшін тіркеу пунктіне "Транзит" санбелгісінің жарамдылық мерзімі ішінде немесе сатып алғаннан, кедендік есептен шығарғаннан, сантаңбалы агрегаттарын ауыстырғаннан не есепке алуға өзгеріс енгізуге негіз болатын жағдайдан кейінгі бес тәулік ішінде әкелуге міндетті.

1.4.1. Көлік құралдарын есепке алуға берілген уақыт ішінде, транзиттік санбелгімен, тіркеу үшін көрсету үшін мініп келуге рұқсат етіледі.

1.5. Есепке алынатын көлік құралдарының құрылымын Қазақстан Республикасы жолдарындағы қозғалыс қауіпсіздігі мен қоршаған ортаны

қорғауға байланысты ағымдағы стандарттарға, ережелер мен нормативтерге сай
б о л у ы к е р е к .

1.5.1. Құрылымына ағымдағы стандарттар мен ережелерді бұзып өзгеріс енгізген көлік құралдары, сонымен қатар шұғыл және арнайы қызметтердің белгіленген талаптарға сай келмейтін көлік құралдары тіркеу ісінің өндірісіне қ а б ы л д а н б а й д ы .

1.6. Тіркеу ісіне әкелінген көлік құралдарына /сантаңбалы агрегаттарға/ егелік құқыны растайтын құжаттарда оның қай жерде, қашан жасалғаны, істің мәні мен шарттары /мемлекет органының шешімі/ оның ішінде көлік құралының бағасы, екі жақтың мекен-тұрағы, реквизиттері және қолдары/ заңды тұлғалардың қолдарына мөр басылады/, көлік құралы туралы мәліметтер /маркасы, үлгісі, жетілген түрі, типі/ шыққан жылы, жасаған кәсіпорын берген болса, көлік құралдарының идентификациялы нөмірі /VI/, түсі, белтемірінің, қорабының / жақтау арбаның, тіркеменің/, қозғаушысының өндірістік рет саны, қабылдау-тапсыру актысының /көлік құралдарының сертификаты, төлқұжатының сериясы, нөмірі ай-күні және /немесе/ тіркеу құжаты мен оның берген ұйымның аты болуы керек.

1.7. Тіркеу ісіне өшірілген, сөз қосылған не сызылған және басқа ескертусіз өзгертілген, қаламмен толтырылған құжаттар қабылданбайды. Аталған құжаттардың жазулары түсінікті әрі анық болуы керек. Азаматтардың аты-жөні, олардың мекен тұрағы толық жазылуы, ал заңды тұлғалардың аттары қысқартылмай, мекен-жайы дәл көрсетілуі керек. Тіркеу ісіне әкелінген, құжаттардың заңдарда атап айтылмаған, құжаттардың, сонымен қатар тіркеу пункті берген басқа да құжат-қағаздардың көшірмелері түпнұсқаның орнына ж ү р м е й д і .

1.8. Тіркеу іс өндірісі, тіркеу орындары беретін бүкіл іс қағаздары мен құжаттар қазақ және орыс тілдерінде толтырылады. Көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктің реквизиттері, жолдағы қозғалыс туралы Конвенцияның талаптарына сай, латын әріптерімен қосымша жазылады. Тіркеу құжаттары баспа әріптермен қара түсті арнайы сиямен не пастамен толтырылады. Басқа тілде жазылған көлік құралдарына егелік құқын растайтын құжаттарды, басқа да іс қағаздарын әкелгенде, ол қазақ не орыс тілдеріне аударылған болуы керек және оның дұрыстығын растайтын нотариустың немесе куәландыруға құқы бар қызметкердің қолы болуы шарт.

1.9. Заңда тұлға не жеке адамдардың Қазақстан Республикасына сырттан әкелген көлік құралдары, Қазақстан Республикасының Кеден комитеті белгілеген тәртіппен, кедендік хаттаудан өтуі міндетті. Қазақстан Республикасына сырттан әкелінген көлік құралдары мен елтаңбалы агрегаттарға еге болу құқысы, Қазақстан Республикасы Кеден органдары берген құжаттармен расталады.

1.10. Тіркеу пункті қызметкерлері, көлік құралдарының егелеріне өз құқын дұрыс пайдалануға, олардың мүдделерін қорғауға көмектесіп, тіркеу жұмыстарын жасаудағы міндеттерін түсіндіру керек.

1.11. Тіркеу пунктiнiң қызметкерлері жұмыс бабында білген

мәліметтерді, заңда көрсетілген жағдайда болмаса, жария етуіне болмайды.

1.12. Осы Ереже талаптарын бұзған адамдар, ағымдағы заңдар негізінде жауапкершілікке тартылады.

2. Тіркеу пункттерінің жұмысы

2.1. Тіркеу пункттері осы Ереже белгілеген тәртіппен өз өкілеттігі негізінде және ауқымында төмендегідей жұмыстарды.

2.1.1. Көлік құралдарын тіркейді, оның егелеріне тиісті тіркеу құжаттары мен сандық белгілерін береді.

2.1.2. Тіркеуге өзгерістер енгізеді.

2.1.3. Көлік құралдарын есептен шығарады.

2.1.4. Транзит сандық белгілерін береді.

2.1.5. Мемавтоинспекцияда есепте тұрған көлік құралдарын уақытша келген жерінде тіркеуге алады.

2.1.6. Жоғалған, пайдалануға келмейтін, бекітілген үлгіге сай емес немесе жарамдылық мерзімі аяқталған тіркеу құжаттарының жаңасын береді.

2.1.7. Жоғалған, пайдалануға келмейтін, ағымдағы стандарттарға сай емес немесе жарамдылық мерзімі аяқталған сандық белгілердің орнына жаңасын б е р е д і .

2.1.8. Көлік құралдарына техникалық байқаудың актісін береді.

2.1.9. Тіркеу пункттеріне есепте тұрған көлік құралдарының босап қалған агрегаттарына құжат береді.

2.1.10. Заңдарда көрсетілген жағдайда автоинспекцияға тіркелген көлік құралдарын есептен шығаруға шектеу қояды.

2.1.11. Тіркеу жұмыстары жасалғаны, тіркелген көлік құралдары /сантаңбалы агрегаттары мен олардың егелері/ туралы анықтамалар /реестрден көшірме/ б е р е д і .

2.2. Тіркеу іс өндіріс осы Ережеде және Қазақстан Республикасы ІІМ-нің нормативтік, құқылы актілерінде көрсетілген ретпен жүргізіледі.

2.3. Тіркеу пункттері беретін тіркеу және басқа құжаттарға сол пункттің жауапты қызметкері қол қояды және мөр басылады. Құжаттарды, сонымен қатар сандық белгілерді алғандығы туралы көлік құралын тіркеу реестріне оның егесі

қ о л ы н

қ о я д ы .

2.4. Заңдар мен оны ережені бұзып жасалған тіркеу әрекеттері жарамсыз деп
с а н а л а д ы .

2.5. Көлік құралдарының егелері жасалған тіркеу жұмыстарына наразы
немесе тіркеу жұмыстарына қарсы болса, жоғарғы ішкі істер органдарына не
с о т т а а р ы з д а н у ы н а б о л а д ы .

3 . К ө л і к қ ұ р а л д а р ы н т і р к е у

3.1. Көлік құралдары тек жасаушы кәсіпорын немесе көлік құралдарын сатуға
ерік беретін лицензиясы бар сауда кәсіпорны /кәсіпкер азамат/ берген анықтама
шотқа аты-жөні жазылған, кедендік не басқа құжатта көлік құралының егесі
екені куәланған заңды тұлғаның не жеке адамның атына тіркеледі. Тіркеу орнын
өзгертуге /егесі өзгермесе/ байланысты есептен шығарылған көлік құралдары,
сол көлік құралдарының тіркеу құжаттары негізінде тіркеледі.

Көлік құралдарын жасаушы кәсіпорындар, лицензия арқылы сатумен
айналысатын сауда кәсіпорындары /кәсіпкер азаматтар/ сатуға қойған көлік
қ ұ р а л д а р ы н т і р к е м е й д і .

3.2. Көлік құралдары жеке адамдардың атына тұрақты мекен-жайы немесе /
түпкілікті тіркелмеген болса/ уақытша тұрақтаған жері бойынша мөлшерлі
мерзімге тіркеуге алынады. Ал заңды тұлғаларға, олардың заңды мекен-тұрағы
б о й ы н ш а т і р к е л е д і .

Егер заңды мекен-тұрақ заңды тұлғаның көлік құралдары тұратын жерден
бөлек болса, онда есепке алу-тіркеу құжаттарына егесінің мекен-жайы
көрсетіледі, мұндай жағдайда жергілікті әкімшіліктің шешімімен немесе
автокөлік егесі мен жұмыс істейтін автокәсіпорынның, автошаруашылықтың,
автогараждың т.б. әкімшілігімен, көлігін орналастыру /жерін жалға алу/ /N 6
қосымша/ туралы шартта айтылған көлік тұратын мекен көрсетіледі.

Көлік құралының егесі меншікке ортақ болатын /әйелі, күйеуі, т.б./ құқы
жөнінде нотариалды расталған куәлік әкелуге, тіркеу құжатының "Ерекше
белгілер" деген жеріне: "Ортақ иегер - /аты-жөні/" деп жазылады және тіркеу
п у н к т і н і ң м ө р і б а с ы л а д ы .

3.3. Меншік иесінің мекен-жайы бойынша тіркеуге болмайтын жағдайда /
меншік иесінің табиғат не басқа да дәлелді жағдайларға байланысты көлік
құралдарын пайдалануы қиын болса, ұзақ іссапарда, әскери қызметте, оқуда
болса, алыста жүзетін кемелерде жұмыс істесе жақын туысының мекен-жайы
бойынша, оның қағаз жүзіндегі келісімімен тіркеуге рұқсат етіледі. Сондай-ақ
меншік иесінің тұратын жері болса, бұрынғы мекен-жайы бойынша тіркеуге
алынады. Мұндай жағдайда, меншік иесінің алыста тұратынын растайтын
шарттың не басқа сондай құжаттың көшірмесі, көлік құралын тіркеуге қажетті

құжаттарға қоса әкелінеді.

Әскери қызметтегілердің көлік құралдары, тұратын мекен-жайы /уақытша тұрағы/ не оған бөлінген жер көлемі бойынша тіркелгендігі жайлы берілген ішкі істер органдары не әскери бөлімнің анықтамасы негізінде тіркеледі.

Тым зәру кезде, көлік құралдарын басқа адамның мекен-жайы бойынша тіркеу туралы Қазақстан Республикасы ІІМ МАИ Бас Басқармасы шешім қабылдайды.

3.4. Көлік құралдары азаматтыққа қабілетсіз адамдардың атына ағымдағы заңдарға сәйкес тіркеуге алынады.

3.4.1. Көлік құралдары қабілетсіз адамдарға мұра, сыйлық тағы сондай заңдарда көрсетілген себептермен берілетін болса, ол сол адамның атына тіркелуі мүмкін. Кәмелетке толмаған, 16 жасқа дейінгі мұрагердің атына көлік құралдары тіркеуге алынатын жағдайда, олардың атынан ата-аналары /асырап алған/ немесе қамқоршы не күтімге алушы органдар, ал иегер 16 мен 18 жас аралығында болса, өзі, ата-анасының /асырап алған/ қамқоршы не күтімге алған органдардың жазбаша рұқсатымен тіркеу жұмыстарын жасайды.

3.5. Дипломатиялық өкілдіктер, консул мекемелері, халықаралық / мемлекетаралық/ ұйымдар, шетелдік банктер мен фирмалар, шетелдік баспасөз, радио, теледидар органдары, сондай-ақ басқа мемлекет азаматтары, азаматтығы жоқтар Қазақстан Республикасына әкеліп, қайтып алып кетуге міндеттенген көлік құралдарын тіркеу, осы өкілдіктер мен фирмаларды Қазақстан Республикасы ІІМ жанындағы дипломатиялық өкілдіктермен жұмыс істеу Департаменті арқылы қабылдаған мемлекеттік орган берген құжатта көрсетілген заңды мекен-тұрақ бойынша жүзеге асырылады.

3.6. Заңды тұлғалардың көлік құралдары, сондай-ақ азаматтар меншігіндегі жүк машиналары, олардың тіркемелері, жартылай тіркемелері, автобустарды тіркеу, есептен шығару, жұмсалуды не егесі өзгерген кезде тиісті әскери комиссариаттың есебінен өтуі керек.

Бұл жағдаят дипломатиялық және консулдық өкілдіктердің, халықаралық / мемлекетаралық/ ұйымдардың, шет ел бұқаралық ақпарат құралдарының, шет ел банктері мен фирмаларының, сондай-ақ шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың көлік құралдарына қолданылмайды.

3.7. Тіркеу, жоғалған тіркеу құжаттары мен сандық белгілерді жаңадан беру, тіркеуге өзгеріс енгізу кезінде меншік иелері көлік құралдарын, олардың сантаңбалы агрегаттарын тіркеуге құжаттарындағы жазуларға сәйкестігін салыстыру үшін тіркеу пунктіне әкелуі тиіс.

Қарау кезінде атқарылатын істер:

- МАИ-дің техникалық-бақылау қызметі туралы, ережеге және көлік құралдары құрылымының қауіпсіздігін тәртіптейтін басқа да нормативтік

құжаттарға сәйкес тіркелетін көлік құралдары құрылымының қауіпсіздігін қ а д а ғ а л а у ;

- шұғыл және арнайы қызметтер көлік құралдарының "Шұғыл және арнайы қызметтердің автомобильдері, автобустары, мотоциклдері. Түсі, сыртқы құрылымы, айрықша белгілер, жазулар, арнайы жарық және дыбыстық белгілер, жалпы талаптары" - деген 21392-90 - МемСТ талаптарына сай болуын қадағалау;

- агрегат сантаңбалары мен санды белгілердің түпнұсқалығын /агрегат сантаңбалары сонымен қатар санды белгілер қандай да бір әдіспен жасалған білінбейтіндей өзгертулерді табу/ және олардың көлік құралдары құжаттарында көрсетілген мәліметтерге сай болуын қадағалау;

- көлік құралдарын тіркеу үшін, иегердің ережеде белгіленген мерзімді с а қ т а у ы н қ а д а ғ а л а у ;

Көлік құралдарын қараудың қорытындылары иегердің өтінішіне жазылады /" МАИ-дің қызметтік белгілер" бөлімі/.

3.7.1. Көлік құралдарын әкелуге кедергі бар жағдайда "Транзит" /заңды белгі алудан басқа жағдайда/ көлік құралдары тұрған жеріне жасай алады, оған облыстық ИБ МАИ басқармасы /бөлімі/ бастығы не орынбасары, болмаса ИБ МАИ ТЕ бөлімінің бастығы қол қояды, акт 20 күнге жарайды. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жасалған техникалық қарау актісі халықаралық шарттар мен келісімдерде белгіленген, осы құжаттарға қойылатын талаптарға с а й б о л у ы к е р е к .

3.8. Тіркеу жұмыстарын жасау кезінде, оның қызметкерлері көлік құралдарының егесі не олардың өкілдерін төл құжат не соның орнына жүретін құжаттар негізінде анықтайды. Иегердің өкілі келгенде, тіркеу жұмысын жасауда , оның иегер мүддесін қаншалықты қорғау алатыны тексеріледі.

3.8.1. Көлік құралдары егесінің өкілі заңды тұлға болса, тіркеу кезінде иегердің мүдделі жұмысын ол қаншалықты атқара алатыны, заңмен бекіген тәртіп бойынша берілген кепілдік негізінде тексеріледі.

Заңды тұлға өкілінің өкілеттігі, заңды тұлға қолын қойып, мөр басқан кепілдік немесе өтініші бойынша расталады.

3.8.2. 14 пен 16 жас аралығындағы азаматтардың кім екені, ата-аналары / асырап алған/, қамқоршысы /күтімге алушы/ болмаса қамқор не күтімге алу органдары өкілдерінің қатысуымен жасы толмаған адамның тууы туралы куәлігін көру арқылы анықталады.

3.9. Тіркеу, тіркеуге өзгеріс енгізу, көлік құралдарын есептен шығару жоғалған не пайдалануға жарамсыз тіркеу құжаттарының қосалқы данасын беру және де басқа тіркеу істері /"Транзит" санбелгісін беру, көлік құралдарын келген жерінде уақытша тіркеу, техникалық қараудың актісін беруден басқа/ - тіркеу құралдарының тіркелген жерінде жүзеге асырылады.

3.10. Осы Ереженің 2-бөлімінде көрсетілген тіркеу жұмыстарына көлік иелерінің әкелетіні:

3.10.1. Өтініш /N 7, 8 қосымшалар/;

3.10.1.1. Иегер - заңды тұлғаның арызына оның мөрі міндетті түрде басылады.

3.10.1.2. Егер көлік құралын, сантаңбалы агрегаттарды егелену, құқысын бекітуге, өзгертуге, тоқтатуға арналған келісім /шарт/, өтініш не басқа құжаттар тіркеу пунктінің өкілі жоқта жасалған болса, оған қол қойғандардың өздері келіп, қолтаңбаларын растайды.

Сауда кәсіпорны берген анықтама-шот, кеден, әлеуметтік қорғау органдары мен мемавтоинспекция берген құжаттар, сол сияқты келмеген адамдардың қолдары белгіленген тәртіппен расталған жағдайда, бұл талап қолданылмайды.

3.10.2. Тіркеу жұмыстарын жасауға келген азаматтың кім екенін анықтайтын құжат.

3.10.3. Белгіленген алым мен салықты төлегені туралы құжат.

3.10.4. Шаруа жасаушы субъектіні тіркеу туралы куәліктің немесе кәсіпорынды, ұйымды тағы сондайларды заңды тұлға /заңды тұлға үшін/ ретінде тіркелгені туралы басқа да құжаттардың расталған көшірмесі.

3.10.5. Көлік құралының /бар болса/ тіркеу құжаты.

3.10.6. Жарамсыздыққа /жөнделмейтіні, сынықтан шығарылуы т.б./ шығарылғаны және осы Ереженің 3.7.1. пунктінде көрсетілген жағдайлардан басқа жағдайда - көлік құралдары /N 9 қосымша/.

3.10.7. Сауда мекемелері берген анықтама - шот немесе көлік құралына, сантаңбалы агрегатына егелік құқын растайтын басқа құжаттар.

3.10.7.1. Анықтама-шот автомотокөлік құралдары мен олардың бөлшек, агрегаттарын /N 10 қосымша/ сатып алатын анықтама-шот бланктерін сатып алу, қабылдау, есептеу, сақтау және жұмсау тәртібі туралы нұсқауға сәйкестолтырылады.

3.10.7.2. Сауда мекемелері сатып алуға анықтама-шот беру кезінде, көлік құралдарын алып-сатуға құқ беретін лицензияның расталған көшірмесін және нақты көлік құралдарының сатылуға қайдан келіп түскенін растайтын құжаттарды, атап айтқанда:

- Қазақстан Республикасы жеріндегі, көлік құралдарын және оның агрегаттарын жасайтын зауыттың қабылдау-тапсыру актілері /не солардың расталған көшірмелері/;

- сауда кәсіпорындары көлік құралдарын Қазақстан Республикасынан тысқары жерден әкелген жағдайда, кедендік жүк декларациясы /кеден құжаттарының көшірмесін, оны берген кеден органы ғана растайды/;

- көлік құралдарын тіркеу құжаттары /олар бар болғанда/.

3.10.7.3. Көлік құралдарынан сантаңбалы агрегаттарын көлік құқын растайтын басқа құжаттарға мыналар жатады:

- Қазақстан Республикасы сырттан әкелінген көлік құралдарына кеден органдары берген құжаттар;

- тұрғындарды әлеуметтік қорғау органдары берген құжаттары;

- сот шешімдері;

- мүлікке мұрагерлік құқысы туралы келісімдер, куәліктер, құжаттар және нотариалды тәртіппен расталған басқа да құжаттар, сондай-ақ ағымдағы заңдарға сай жасалған түрлі құжаттар;

- азаматтық заңдарға сай, сатушы мен сатып алушының /не оның сенімді адамының/ арасында жазбаша түрде, тура мемавтоинспекцияда жасалған сату-сатып алу не ауыстыру келісімі /N 11, 12 қосымшалар/.

Ескерту: 1. Келісім жасағанда екі жақтың қатысуы міндетті.

2. Көрсетілген келісімді ИБ МАИ ТЕБ бастығы бекітеді.

3. Көлік құралдарына иелік құқы мемавтоинспекцияда қайта жазылғаны үшін алынатын жинақ мөлшері ағымдағы заңдарға сай белгіленеді.

Ескерту. Тіркеу емтихан алу бөлімі.

3.10.8. Көлік құралдарының сандық белгілері немесе "Транзит" сан белгілері және қайта әкетуге міндеттеніп Қазақстан Республикасына әкелінген көлік құралдарының тіркелген мемлекетінің тіркеу құжаттары мен сандық белгілері.

3.10.9. Қазақстан Республикасы жерінде көлік құралдары арнайы жабдық қондырған жасаушы-зауыттың не кәсіпорынның қабылдау-тапсыру актісі, сертификаты немесе сырттан әкелінген жабдыққа кеденнің тиісті құжаты.

3.10.10. Көлік құралын өзінің құрылымдық бөлімшесіне немесе басқа заңды тұлға не жай адамға беруі туралы заңды тұлғаның бұйрығы /жарлығы/.

3.10.10.1. Заңды тұлғалардың мемавтоинспекцияда есепте тұрып, жаңа иегерге сатқан /берген/ заңды тұлғаға не жай адамға көлік құралдарын тіркеу - әкелінген тіркеу құжаттары, негізгі құралдарды қабылдау-өткізу актілері /ОС-1 формасы, N 13 қосымша/, сатылған көлік құралына ақша төленгенін растайтын құжаттар, меммүлік бойынша, аймақтық органдардың рұқсаты /мемлекеттік меншіктегі заңды тұлғалар үшін/, негізінде жүзеге асырылады.

3.10.11. Автомобиль жасау саласына қарамайтын кәсіпорындарды жасалған көлік құралдарының құрылымы Қазақстан Республикасы ИМ МАИ бас басқармасымен, облыстардағы ИБ МАИ басқармаларымен /бөлімдерімен/, Алматы қалалық ИБ-мен келісілгендегі туралы куәлік /N 14 қосымша/.

3.11. Кеден органдары мен тұрғындарды әлеуметтік қорғау органдары енгізген көлік құралдарына егелік құқын, сол сияқты қайта әкелуге міндеттеніп Қазақстан Республикасына уақытша әкелінген көлік құралдарын шет елге алып

кету мерзімімен өзгерту турасындағы тыйым салу мен шектеулер тіркеу құжатының "Ерекше белгілер" графасына және автомотокөліктің есеп карточкасының солай аталатын реквизитіне, ал сот не тергеу органдары енгізген - автомотокөлік есеп карточкасының тек тиісті реквизитіне жазылады.

Көрсетілген мәліметтерді өзгерту, тыйым салу мен шектеулерді енгізген / тиісті/ органдар берген құжаттар негізінде жасалады.

3.12. Қолмен басқарылатын көлік құралдарының, сондай-ақ 1-2 топтағы мүгедектердің меншігіндегі көлік құралдарының тіркеу құжаттарының "Ерекше белгілер" деген графасына "мүгедек" белгісін қоюға болады деп жазылады.

3.13. Әскери бөлімдерден сатылған көлік құралдары төмендегідей негіздер арқылы тізімге тіркеледі.

3.13.1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі материалдық қоры басқармасының - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 ж, 25.12. N 394 - РС N 15 - қосымша шешімінен дүниеге келген тұрақты жұмыс істейтін үкімет комиссиясы атқару органының төленген шот-наряды.

3.13.2. Көлік құралының кімнің меншігінде екеніне қарай, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті немесе Қазақстан Республикасы ІІМ бекіткен көлік құралдарының техникалық жағдайы және берілуі туралы /N 16, 17 қосымшалар/.

Ескерту: ҚР ҰҚК-нің, ҚР ІІМ-нің меншігіндегі көлік құралдарын сатқан кезде атқарушы орган - комиссияның шот-наряды тиісті ведомствоның мөрі арқылы расталады.

3.13.3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің шаруашылық есептегі кәсіпорындарының көлік құралдарын сатқанда, осы кәсіпорындар автомобильді жөндеп, өздері сатуға алғандығы турасындағы нарядтық көшірмесі қоса әкелінеді.

3.14. Заңды тұлға мен жай адамдардың аукцион және сауда биржалары арқылы көлік құралдарын тіркеу, көлік құралдарының аукционға не биржаға заңды әкелгендігін растайтын құжаттар мен оларды белгілі бір иегерге сатқандығы туралы жауапты адамдардың қолы қойылып, тиісті мөрмен бекітілген аукцион не биржаның анықтамалары негізінде жүзеге асады.

3.15. Азаматтардың заттай лотереядан ұтып алған көлік құралдарын тіркеу, осы Ереженің 3.10.6. пунктіне сай толтырылып иегерге берілген, анықтама-шот және лотерея ойынын ұйымдастырушының мөрі басылған лотерея ойыны комиссиясының шешімі негізінде жүзеге асады.

3.16. Өз бетімен құрастырылып жасалған көлік құралдары, агрегаттарын, қосалқы бөлшектерін, заттары мен құрамаларын сатып алу заңдылығын растайтын құжаттар әкелінгенде, көлік құралдарының құрылымы, қозғалыс

қауіпсіздігі талаптарына сай келетіндігі туралы сарапшы-кеңес топтың не техникалық қадағалау алқасының қорытындысы және көлік құралын жалпы жолдарда пайдалануға рұқсат негіздерінде тіркеледі.

Аталған сарапшы-кеңес тобы не техникалық қадағалау алқасының жұмыс ауқымы Мемавтоинспекциясының техникалық бақылау қызметі туралы Ережесі және Қазақстан Республикасы Мемстандарттық нормативтік актілерінде көрсетілген.

3.17. Арнайы көлік құралдары иегер - заңды тұлғаның атына, арнайы автомобильдер атауларына /N 18 қосымша/, сәйкес тіркеледі.

3.17.1. Шұғыл қызметтің арнайы көлік құралдары Мемстандарттың 21392-90 талаптарына сай болуы тиіс.

3.17.2. МемСТ 21392-90 бойынша арнайы жарық және дыбыстық белгі беретін қондырғымен жабдықталған көлік құралдарының "Ерекше белгілер" деген графасына "Дыбыстық, көк және ... /арнайы жарықтық арнайы белгісі" деп жазылады. Дәл осындай жазулар көлік құралының карточкасындағы аттас реквизитіне түсіріледі.

Көлік құралдарын арнайы жарық және дыбыстық белгілер беретін қондырғылармен жарық графикалық құрылымсыз жабдықтауға рұқсат турасындағы тіркеу құжатындағы жазу, сол рұқсатты берген МАИ Басқармасы /бөлім/ бастығының /не орынбасарларының/ қосымша қолы қойылады да Мемавтоинспекцияның елтаңбалы мөрі басылады.

Шұғыл қызмет көлік құралдарының тіркеу құжаттарында "Түсі" деген графасына: "МемСТ 21392 - 90 бойынша" деп жазылады.

3.18. Сынақта жүрген тәжірибелік үлгідегі көлік құралдарын тіркегенде, "сынақта" /испытания/ белгісі қойылған тіркеу құжаттары мен сандық белгілер беріледі. Тіркеуге, көлік құралдарының техникалық міндеттерде көрсетілген қауіпсіздік талаптарына сайлығы және сынаққа жіберілгендігі жайлы жасаушы кәсіпорынның сараптық қорытындысы негіз болады.

3.19. Жасаушы-кәсіпорындардың және автожөндеу зауыттарының техникалық шарттарына сай ақтық сынақта жүрген көлік құралдарына "Сынақта" белгісі қойылған тіркеу құжаттары мен сандық белгілері бір ғана жылға беріледі.

3.20. Тіркеу жұмыстарына әкелінген көлік құралдары, Қазақстан Республикасы ІІМ ақпаратты-есептеу орталығының алып қашу мен ұрлану есебі бойынша тексеріледі.

Тексерудің нәтижесі иегердің өтінішіне жазылады, тексерген адамның аты-жөні, тексерудің ай-күні көрсетіледі.

3.21. Әкелінген құжаттардың, сандық белгінің қолдан жасалғаны, көлік құралының зауыттық таңбалары өзгертілгені, агрегат сантаңбалары құжатқа немесе тіркеу мәліметтеріне сәйкес еместігі, сондай-ақ көлік құралының /

сантаңбалы агрегаттарының/ немесе әкелінген құжаттардың ізделіп жатқандығы туралы мәлімет болса, мұндай құжаттар мен көлік құралдары ұсталады да тиісті тексеріс жасалады, сонан соң барлық материалдар Қазақстан Республикасы МТК-не тұрған жері бойынша тапсырылады.

Мұндайда мәселе, заңдарда белгіленген тәртіппен шешілгенге дейін, тіркеу жұмыстарын кейінге қалдырылады.

3.21.1. Қандай бір себептермен агрегаттарының /қозғаушының, қорабтық, шассидің, белтемірдің/ сантаңбалары жоқ болған көлік құралдарын тіркеу жұмыстары, сол агрегаттарға белгіленген тәртіп /ҚР ІІМ-нің 18.10.95 ж. N 7/ПП - 523 нұсқауы/ бойынша сантаңба қойылғаннан кейін ғана жасалады.

3.22. Тіркелген, техникалық ақаусыз көлік құралдарына белгіленген үлгідегі тіркеу құжаттары, техникалық қараудан өткендігі туралы талон және ҚТ 986-95 " Көлік құралдары мен олардың тіркемелері берілетін жарық қайтарғышы бар мемлекеттік тіркеу белгілері" СТ-ында қарастырылған тиісті типтегі сандық белгілер беріледі. Сандық белгілер автомобильдер мен автобустарға екеуден, ал мотоциклдік құралдары мен тіркемелерге біреуден беріледі.

Көлік құралдарының тіркеу құжаттары мен сандық белгілер олардың сандық нөмірлерінің өсу ретімен беріледі.

3.22.1. Техникалық ақаулы көлік құралдарына онысы жөнделгенге дейін сандық белгі берілмейді.

3.22.2. Көлік құралдарына басқа көлік құралының сандық белгісін тағып пайдалануға үзілді-кесілді тыйым салынады.

3.23. Жасаушы кәсіпорыннан, автожөндеу зауытынан, кедендік тексеріс органдары мен сауда ұйымдарынан тіркелетін жерге өзі жүріп келген, сол сияқты мекен-жайдың өзгеруіне не меншік иесінің ауысуына байланыс Мемавтоинспекцияның есебінен шыққан көлік құралдарына сол жасаушы кәсіпорын, автожөндеу зауыты, кедендік тексеріс органдары, сауда ұйымдары немесе Мемавтоинспекцияның тіркеу пункттері бір жолға пайдаланатын "Транзит" /N 5 қосымша/ сандық белгісін береді.

"Транзит" сандық белгісін бергенде, көлік құралының меншік иесі екендігін растайтын құжаттарына аталған санбелгінің сериясы, нөмірі, берілген ай-күні және жарамсыздылық мерзімі көрсетіліп белгі жасалады да соны жасаған ұйымның мөрі басылады.

3.23.1. "Транзит" сандық белгісінің жарамдылық мерзімі 5 тәулік, кей жағдайда 10 тәулік болады, ол тек тіркеу не сату орнына барғанға дейін ғана жарайды.

Көлік құралын тіркеу кезінде "Транзит" сандық белгісі алынады да белгіленген ретпен жойылады.

Көлік құралдары сауда ұйымдарына өзі жүріп бару үшін жасаушы

кәсіпорындар мен мемавтоинспекция берген "Транзит" сандық белгісін, келген соң сауда ұйымдары алады да тұрған жеріндегі МАИ-дің тіркеу пунктіне актімен т а п с ы р а д ы .

3.23.2. Осы Ереженің 3.23.1. пунктінде айтылған мерзімді /"Транзит" сандық белгісін ауыстыру/ созу туралы, орынды себебі болған жағдайда ІБ МАИ басқармасының /бөлімі/ басшылығы немесе көлік құралдарының тіркелген не тұрған жеріндегі тіркеу пунктінің бастығы шешім жасайды.

3.24. Жоғалған, жарамсыз боп қалған, ағымдағы стандарттарға сай емес не болмаса жарамдылық мерзімі біткен тіркеу құжаттары мен сандық белгілердің орнына көлік құралы тіркелген жерден, мәселенің мән-жайы айтылған иегердің өтініші бойынша және белгіленген жинақ төленетін, 3.10.1, 3.10.2, 3.10.3, 3.10.4, 3.10.6, 3.7, 3.20 пункттерде айтылған істер жасалғаннан кейін МАИ-дің мәліметтері бойынша тіркеу құжаттарының қосалқы даналары толтырылады.

тіркеу құжаттарының қосалқы данасы, көлік құралы егесінің өтініші түскеннен бастап 15 күн өткен соң беріледі. Мұқтаждық жағдайда аталған мерзімді қысқарту туралы ІБ МАИ Басқармасы /бөлімі/ басшылығы белгіленген тәртіп бойынша шешім жасайды.

3.24.1. Есептен шығарылған көлік құралдарының тіркеу құжаттары жоғалса, тіркеу пункттері көлік құралының бұрынғы тіркелген жеріне сұраныс жібереді және бұл іс 5 күнде орындалуға міндетті.

3.25. Орнына қосалқы даналары берілген тіркеу құжаттары мен сандық белгілер табылып, тіркеу пунктіне әкелінсе ол жарамсыз деп саналады да, белгіленген тәртіппен сақталады және жойылады. Көлік құралдарының табылған тіркеу құжаттары мен сандық белгілерін есептен шығару туралы Қазақстан Республикасы ІІМ МАИ АЕО1-на хабар жіберіледі.

Ескерту: Ақпаратты есептеу орталығы

3.26. Қазақстан Республикасына әкелінген көлік құралдарының егесінің өтініші, көлік құралына егелік құқын растайтын құжаттар /сандық белгілер/, белгіленген жинақты төлеген құжатта, тіркелген мемлекеттік босаған тіркеу құжаттар мен тіркеу нөмірлері /кеден органдары алмаған болса/ және "Транзит" сандық белгісі тіркеу пунктіне өткізіледі.

Егер тіркеу пунктіне өткізілетін құжаттар мен белгілер жоғалған болса, оның қалай жоғалғандығын меншік иесі өтінішіне жазады.

3.27. Қазақстан Республикасына 6 айдан аса мерзімге, қайта әкетуге міндеттеніп уақытша әкелінген көлік құралдарын кедендік құжаттарда көрсетілген уақыт мерзімі бойынша тіркеліп сандық белгі берілгендігі жайлы куәлік берілу арқылы есепке алынады. Олар есепте тұрған мемлекеттің тіркеу құжаттары мен заңдық белгілері алынып, осы көлік құралдары Қазақстан

Республикасынан әкетілуіне байланысты есептен шығарылған кезде, көлік егесіне қайтарылады.

3.28. Халықаралық жолдардағы қозғалысқа қатысатын көлік құралдарының жолда жүру Конвенциясы талаптарына келмейтін сандық белгілері орнына ҚР 986-95 СТ бойынша, жазулары латын әріптерімен қосарланып жазылған тіркеу құжаттары мен сандық белгі беріледі.

3.29. Қазақстан Республикасында, республика мен шет елдік ұйымдардың, фирмалар мен басқармалар органдарының қатысуымен жасалған бірлескен кәсіпорындардың атындағы көлік құралдарын тіркеу, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі жанындағы дипөкілдіктерімен жұмыс істейтін Департамент арқылы осы Ережеде көрсетілген құжаттар мен Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі жанындағы шет елдік инвестициялар жөніндегі Ұлттық агенттік берген, шаруагердің Мемлекеттік есепке алынғандығы турасында куәлігі /N 19 қосымша/ негізінде жүзеге асады.

3.30. Шет ел дипломатиялық, консулдық және сауда өкілдіктерінің, солардың қызметкерлерінің көлік құралдары, Қазақстан Республикасы СІМ жанындағы дипломатиялық өкілдіктерімен жұмыс істейтін департамент арқылы, осы Ережеде көрсетілген құжаттар негізінде тіркеледі.

3.31. Шет ел фирмалары, банктері, авиакомпаниялары, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдіктерінің және олардың қызметкерлерінің көлік құралдары, Қазақстан Республикасы СІМ жанындағы дипөкілдіктер мен жұмыс істейтін Департамент арқылы осы Ережеде көрсетілген құжаттар және Қазақстан Республикасы Сыртқы Экономикалық Байланыстар министрлігі берген, бекітілген үлгідегі /N 20 қосымша/ рұқсаты негіздерінде тіркеледі.

3.32. Қызметтік және жеке көлік құралдарын пайдалануы ескерілген контракт арқылы Қазақстан Республикасында жұмыс жасап жатқан шет ел фирмалары мен олардың қызметкерлерінің көлік құралдары, Қазақстан Республикасы СІМ жанындағы дипөкілдіктерімен жұмыс істейтін департамент арқылы, осы Ережеде көрсетілген құжаттар негізінде және Қазақстан Республикасы Экономика министрлігімен келісіліп тіркеледі.

3.33. Қазақстан Республикасына мемлекетаралық келісім бойынша ғылыми-техникалық, экономикалық және мәдени жұмыстар турасында қызмет бабымен, сауда не қоғамдық істермен 6 айдан аса мерзімге келген шет ел азаматтарының көлік құралдарына Қазақстан Республикасы СІМ жанындағы дипөкілдіктерімен жұмыс істейтін департамент арқылы, осы Ережеде көрсетілген құжаттар негізінде, қабылдайтын ұйымдардың ұсынысхатымен тіркеледі.

3.34. Қазақстан Республикасында түпкілікті тұратын шет елдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың көлік құралдары жалпы негізде тіркеледі.

3.35. Қазақстан Республикасындағы шет ел өкілдерінің, шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың көлік құралдарына төмендегідей сериядағы сандық белгілер беріледі:

- "СМD" - шет елдік дипломатия өкілді басшыларының қызметтік не жеке көлік құралдарына;

- "D" - шет елдік дипломатиялық, консулдық өкілдіктердің елшілік дәрежесіндегі басқа да халықаралық ұйымдардың, сондай-ақ осы өкілдіктің дипломатиялық дәрежедегі қызметкерлерінің, олардың ұйымдары мен жанұя мүшелерінің көлік құралдарына. Дипломатиялық және консулдық өкілдіктердің, халықаралық ұйымдардың өтініштері бойынша, олардың қызмет көліктеріне "Т" сериялы сандық белгі берілуі мүмкін.

Жеке көлік құралдарына "D" сериялы сандық белгі беру үшін Қазақстан Республикасы СІМ берген дипломаттық консулдық карточкалары көрсетілуі керек;

- "Т" - дипломатиялық, консулдық өкілдіктердің елші дәрежесіндегі халықаралық ұйымдардың әкімшілік-техникалық және қызметші адамдары мен олардың жанұя мүшелерінің көлік құралдарына.

"Т" сериялы сандық белгі жеке көлік құралдарына берілетін болса, Қазақстан Республикасы СІМ берген қызмет карточкасы мен куәлігі көрсетіледі.

"М" - Қазақстан Республикасы жерінде белгіленген тәртіп бойынша ашылған шет ел фирмаларының, банкілерінің, авиакомпанияларының және басқа ұйымдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасына келген сол өкілдік қызметкерлері мен олардың жанұя мүшелерінің көлік құралдарына;

"М" сериялы сандық белгілер жеке меншік көлік құралдарына берілетін болса, егесінің ішкі істер органдарына тіркелген ұлттық төлқұжаты көрсетіледі.

"К" шет елдік бұқаралық ақпарат құралдары өкілдіктерінің, олардың қызметкерлері мен жанұя мүшелерінің көлік құралдарына;

"К" сериялы сандық белгілері жеке меншік көлік құралдарына берілуі үшін, тілшілер мен техникалық қызметшілердің Қазақстан Республикасы ІІМ берген куәліктері, ал олардың жанұя мүшелерінің ішкі істер органдарында тіркелген ұлттық төлқұжаттары көрсетіледі;

"Н" - шет ел азаматтары басқаратын Қазақстан шет ел кәсіпорындарының немесе осы кәсіпорындардағы шет елдік қызметкерлердің көлік құралдарына, шет ел азаматтарына ақылы пайдалануға берілген көлік құралдарына, Қазақстан Республикасына қызмет бабымен, жеке шаруасымен, оқуға келген шет ел азаматтарының көлік құралдарына, Қазақстан Республикасында заңды түрде түпкілікті тұратын, не азаматтығы жоқ шет елдіктердің көлік құралдарына;

"Н" - сериялы сандық белгі берілу үшін, ішкі істер органдарында тіркелген ұлттық төлқұжат не тұру құқысы көрсетіледі;

көрсетіп, көлік құралының егесіне жазба түрде хабарлауға міндетті. Көлік құралын тіркеуге алмайтындығы туралы иегер өтінішінің "МАИ-дың қызмет белгілері" графасына жазылып, тіркеу пунктінің жауапты қызметкері қол қойып, мөрмен бекітеді. Бұл жағдайда өтініш көлік құралының егесіне қайтарылады.

Басқа да тіркеу әрекеттерін жасауға және анықтамалар беруге болмайтындығын жасау кезінде осы тәртіп қолданылады.

Тіркеу істерін жүргізуге байланысты азаматтар мен заңды тұлғалардың хаттары мен басқа арыз-өтініштері Қазақстан Республикасы ІІМ құқықтық-нормативтері белгілеген ретпен уақытта қаралады.

4. Көлік құралдарын тіркеуге өзгеріс енгізу

4.1. Көлік құралдарын тіркеуге өзгеріс мынадай жағдайларда жасалады:

- меншік егесі өзгергенде;
- иегердің /заңды тұлғаның/ тұру құқысы немесе көлік құралы тұратын жері өзгергенде;
- иегердің аты-жөні /атауы/ өзгергенде;
- көлік құралының қайта жабдықталу немесе оның агрегаттары ауыстырылу, түсінің өзгеруі, арнайы жабдықтар қондырылу және басқа өзгертулер салдарынан типі мен үлгісі өзгерсе.

4.2. Көлік құралының егесі тұратын жері не иесінің /заңды тұлғаның/ мекен-тұрағы өзгерген жағдайда, көлік құралдарының тіркелу ісіне өзгеріс енгізу, осы Ереженің 3.7, 3.10.1-3.10.7, 3.20 пункттерінде көрсетілген құжаттар негізінде, ал иесінің аты-жөні /аталуы/ өзгерсе бұларға қоса сол өзгерісті ағымдағы заңдарға сай растайтын құжаттар негізінде жүзеге асады.

4.3. Көлік құралдары қайта жабдықталған жағдайда тіркеуге өзгеріс енгізу - осы Ереженің 3.7.3, 3.10.1-3.10.7, 3.10.9, 3.10.10, 3.20 пункттерінде көрсетілген құжаттар, МАИ-дің қайта жабдықтауға келісімі, қайта жабдықталғаннан кейін мемавтоинспекция бөлімдерінде толтырылған көлік құралын техникалық тексерістен өткізген актісі негізінде жасалады.

4.4. Заңды тұлға мен жеке иегердің көлік құралдарын қайта жабдықтаудың шарттары, тәртібі және рұқсат етілетін түрлері Мемавтоинспекциясының техникалық бақылау қызметі туралы ережеде айтылған.

4.5. Сантаңбалы бөлшектер мен агрегаттарының нөмірі тіркеу құжаттарындағы өзгеше болған көлік құралдарының тіркелуіне өзгеріс енгізу ішкі істер органдары, МТК немесе сот шешімдері негізінде жасалады. Бұл жағдайда автокөліктің тіркеу құжаттары мен есеп карточкасының "Ерекше белгілер" бөліміне шешім жазылады, оның расталған көшірмесі тіркеу істеріне тігіледі, ал шешімнің түпнұсқасы, тіркеу құжаттарымен бірге меншік иесінде болуға тиіс, иегер шешімді жоғалтса, олардың көшірмесі сұратылады.

4.6. Тіркеуге өзгеріс енгізілген жағдайда тіркеу құжаттары ауыстырылады.

4.7. Жеңіл машина мен автобустың қорабы, жүк машиненің кабинасы ауыстырылған кезде, үлгісі басқа болып шықса да, көлік құралының шыққан жылы өзгертілмейді. Автомотокөлік құралдарының тіркеу құжаттары мен есеп карточкаларына орнатылған қорабтың /кабинаның/ маркасы мен үлгісі көрсетіледі, ал "Ерекше белгілер" деген графасына "Қорабы /кабинасы/ ауыстырылған" делінеді де сол өзгерістік ай-күні қойылады. Автокөліктің бұрынғы карточкасы қосалқы картотекада үш жылғы дейін сақталады.

4.7.1. Қорабтық пайдаға жарамай қалған сантаңбалы бөліктерін қайта жарақтау, ауыстыру тек ІІБ МАИ басқармасы /бөлімі/ басшыларының рұқсатымен жүзеге асады. Бұл жағдайда тіркеуге өзгеріс енгізу осы Ереженің 4.3. пунктінде көрсетілген тәртіппен және МАИ-дің техникалық бақылау органы жасаған қорытындысын әкелгенде жүзеге асады.

4.8. Мемавтоинспекцияда тіркелген көлік құралдарының босап қалған сантаңбалы агрегаттарына куәлік /N 21 қосымша/, соларды ауыстыруға байланысты тіркеу мәліметтері өзгертілгенде, сондай-ақ егесінің өтініші бойынша көлік құралы тастанды етілуіне байланысты есептен шығарылып, мөлшерді жинақ төленген соң беріледі.

4.9. Иегердің тіркелу куәлігіндегі /техникалық паспортындағы "Ерекше белгілер" - деген жеріне тіркеуге өзгеріс енгізу кезінде көрсетілген құжаттар, сондай-ақ, бұрынғы тіркеу құжаттарының сериясы мен рет саны көрсетіледі.

4.9.1. Сыйға не мұра ретінде алынған көлік құралдарының сыйлау келісімінде не иелену келісім-шартында бірнеше адам көрсетілген болса, солардың барлығының жазбаша келісімімен біреуінің атына қайта тіркеледі.

4.10. Көлік құралдарына арнайы жарық және дыбыстық белгілер беретін қондырғы орнатуға байланысты тіркеуге өзгеріс енгізу кезінде, осы ереженің 3.17 пунктінде көрсетілген жұмыстар атқарылады.

Көлік құралдарына арнайы жарық және дыбыстық белгілер беру қондырғыларын және 21392-90 МемСТ бойынша түсті графикалық сызықтарды орнату құқысын /иегердің өтінішімен болса да/ жоюға байланысты тіркеу мәліметтерін өзгерту ісі аталған қондырғылар мен түсті графикалық сызықтарды алып тастағаннан кейін жүзеге асады.

4.11. Соттың шешімімен, жаңа иегердің атына тіркелмей конфискацияланған көлік құралдарының тіркеу құжаттарына өзгеріс енгізу комиссиялық сауда дүкендерінің анықтама-шоты мен сот шешімінің көшірмесі негіздерінде жүзеге а с а д ы .

4.12. Тіркеуге өзгеріс мына жағдайларда жасалмайды:

- Көлік құралдары ұрлауға қарсы механикалық не электрондық /электрлік/ қондырғылармен жабдықталмаса;

- осы Ереженің 3.10.1, 3.10.7, 3.10.9, 4.2 және 4.3 пункттерінде көрсетілген құжаттары жоқ болса ;

- көлік құралдарын шет елден пошлинасыз әкелінгеніне 2 жыл өтпеген болса, /кеден пошлинасы 100% төленгенін, төлеу кезінде кеден органдарының қол қойып берген досмотрлық құжатын растайды/.

5. Көлік құралдарын есептен шығару

5.1. Көлік құралдарын, егелері мынадай жағдайларда есептен шығаруға міндетті :

- иегер адамның немесе атына тіркелген кәсіпорын, мекеме, ұйымдардың жаңа заңды мекен-тұрағы, көлік құралы есепке алынған тіркеу пунктіне қарасты жер көлемінен тыс болса, сондай-ақ тіркеу орнын ауыстыруға басқа да негіз болған жағдайда ;

- көлік құралдарына ие болу құқысы жойылған жағдайда;

- көлік құралдары жарамсыз болып, тастанды етілгенде;

- көлік құралдарын Қазақстан Республикасынан "уақытша" демей алып кеткенде .

5.2. Көлік құралын есептен шығару үшін, егесі осы Ереженің 3.10.1-3.10.6, 3.10.10 пункттерінде айтылған құжаттарды және сандық белгілерді әкелуге міндетті. Тіркеу құжаттарына егесінің өтінішінде көрсетілген көлік құралдарын есептен шығару жағдайларына орай жазулар түсіріледі және ол мөрмен бекітіледі .

Алматы облысы мен қаласы төңірегінде атына тіркелген иегердің мекен-тұрағы немесе заңды мекен-жайы өзгеруіне байланысты көлік құралы есептен шығарылған жағдайда сандық белгілер тапсырылмайды. Тиісті белгілер автомотокөлік құралының есеп карточкасына түсіріледі.

Көлік құралдарына /сандық белгілер қалдырылған және көлік құралы тастанды болған жағдайлардан басқа/ жарамдылық мерзімі көрсетіліп, "Транзит" сан белгісі беріледі .

Көлік құралдарын Қазақстан Республикасынан тысқары алып кетуге байланысты есептен шығару кезінде иегерге көлік құралының тіркелгендігі, есептен шығарылғаны, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасы жерінен әкетілетіні туралы, осы Ереженің 3.27 пунктінде айтылғандай куәлік беріледі.

5.2.1. Иегер көлік құралы тұрған жердегі МАИ органдары мөр басып берген техникалық қарау актісін көрсеткен жағдайда көлік құралын қарауға әкелмей-ақ есептен шығаруға рұқсат етіледі.

5.2.2. Қазақстан Республикасы көлемінде көлік құралын, тіркелген жері бойынша емес, тұрған жері бойынша МАИ-дің тіркеу пункттері есептен шығара беруіне болады. Мұндай жағдайда көлік құралы тұрған жерден, оны есептен

шығарудың шектейтіндей себептердің жоқтығын сұрап білгеннен, оның есептік мәліметтері мен иесі турасындағы мәліметтерді анықтағаннан, сондай-ақ осы көлік құралдары мемлекетаралық және республикалық базалар арқылы іздеу салынған көліктер тізімінде жоқтығын сұрап білгеннен кейін есептен шығарылады.

Көлік құралдарын есептен шығаруға шешім қабылдағаннан кейін бұл турасында жедел түрде телетайп /телефакс/ арқылы оның тіркелген жеріне хабарланады, негіз болған /иесінің арызы сенімхаты, т.б./ құжаттардың расталған көшірмелері сол адреске жөнелтіледі.

5.2.3. Иегердің көлік құралын, оның өкілінің өтініші бойынша есептен шығару ісі, көлік құралы тіркелген сәттен 15 күн өткен соң және осы Ереженің 3.20 пунктінде айтылған істер атқарылғаннан кейін жүзеге асады.

5.3. Егер көлік құралының иесі екі адам болса, оны есептен шығару сол екеуінің жазба түрдегі келісімі бойынша жүзеге асады.

5.4. Көлік құралын тұрғындарды әлеуметтік қорғау органдары арқылы алынған болса, оны есептен шығару тек сол органның рұқсатымен жүзеге асады.

5.5. Жарамсызданып тасталған көлік құралдары осы Ереженің 3.10.1-3.10.6, 3.10.10 пункттерінде көрсетілген құжаттарды әкелгеннен кейін және тіркелген жердегі мемавтоинспекцияда жасалған /N 22 қосымша/ көлік құралын қарау актісін әкелгенде қаралмай-ай есептен шығарылады. Тіркелу құжаттары мен сан белгілері тіркеу пунктіне тапсырылады. Жарамсыз болған көлік құралдарының тіркеу құжаттары не сан белгілері жоқ болғанда, олардың жоғалу себептері арызда көрсетіледі.

5.6. Қылмыс жасағаны не басқаша тәртіп бұзғаны үшін, Заң актілеріне сай санкция түріндегі соттың, не басқа да құқылы мемлекет органдарының /заңмен белгіленген/ шешімі негізінде көлік құралдары есептен шығарылуы мүмкін.

Аталған органдардың шешімі бойынша, көлік құралдарын есептен шығару уақытша шектелуі мүмкін.

5.6.1. Соттың не басқа белгіленген органдардың шешімі негізінде мемлекет меншігіне өткен көлік құралдарын есептен шығару негізінде, сот орындаушыларына басқа да органдардың жауапты қызметкерлеріне, осы ереженің көлік құралдары егесінің өкілі үшін белгіленген талаптар қолданылады.

5.7. Сот, тергеу және кеден органдары, егелік құқын өзгертуге тыйым салған не шектеу қойған көлік құралдарын есептен шығару, сол тыйым мен шектеулер жоқ деген құжаттар не көлік құралдары соттың /басқа да заңмен белгіленген мемлекет органдарының/ шешімімен иегерден алынып, басқа адамдарға берілсе не мемлекет меншігіне өткенде, егер ағымдағы заңдарда басқа тәртіп көрсетілмеген болса, жүзеге асуы мүмкін.

5.8. Кредит алғаны үшін банкіге кепілдікке берген заңды тұлға не иегер адамның көлік құралдарын, сондай-ақ банк берген кепілдік жөніндегі келісім-шарттың /не басқа құжаттардың/ көшірмесін көрсеткен заңды тұлға не иегер адамдардың көлік құралдарын есептен шығару, кепілдік міндеттемелері орындалғанша, шектеледі. Мұндайда көлік құралдарын тіркеу кітаптары мен автомотокөліктің есеп карточкаларына тиісті белгілер қойылады.

5.9. Заңды тұлғаның көлік құралдары жай иегерге сауда ұйымдарына түспей сатылатын кезде, оларды есептен шығару, иегер - заңды тұлғаның арызы және осы Ереженің 2.10 пунктіндегі /арызда аттары көрсетіледі/ құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

Бұл жағдайда тіркеу құжаттарына: "Автомобиль азамат /аты-жөні, мекен-тұрағы, төлқұжатының сериясы, рет саны жазылады/ сатылуына байланысты есептен шығарылды" - деп жазылады.

5.10. Егер, заңды тұлғаның не иегердің көлік құралдары меншік иесі өзгеретіндіктен есептен шығарылатын болса, заңды тұлға автомобильдердің /мотоциклдерінің/ тіркелу құжаттарына көлік құралдарының есептен шыққандығы қозғаушысының /двигатель/, шассиінің, қорабының, сан таңбалары жазылып, МАИ органдары қызметкерінің қолы мен мөрі арқылы расталады, ал жай иегердің көлік құралдары тіркеу құжаттарына: "Автомобиль меншік иесі өзгеруіне байланысты есептен шығарылды" - деп жазылады да, оған да МАИ органдары қызметкерінің қолы қойылып, мөр басылады.

Меншік иесі өзгеруі турасындағы келісім-шарт, мұраға алу куәлігі немесе сот шешімі негізінде көлік құралдары бұрынғы иегердегі мекен-тұрағы /заңды мекен-жайы/ бойынша есептен шығарылатын кезде, көлік құралының есептен шыққандығы, жаңа иегер жайлы негізгі мәліметтер /аты-жөні/, төлқұжат мәліметтері, мекен-тұрағы, заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері/ көрсетіле отырып тіркеу құжаттарына жазылады.

5.11. Мемавтоинспекцияда, есепте тұрып, облыстың, Алматы қаласынан 2 айдан аса уақытқа тыс кететін көлік құралдары, меншік иесінің өтініші мен келген жердің мекен-тұрағы бойынша сондағы заңды тұлға не жай адамның жазбаша келісімі бойынша, уақытша тіркеледі. Тіркеу құжаттарына көлік құралдарының уақытша және қанша мерзімге тіркелгендігі көрсетіледі. Уақытша тіркелген көлік құралдарын есептен шығару ісі жасалмайды.

5.12. Агрегаттарының сан таңбалары тіркелу құжаттарына сай келмейтін көлік құралдары ішкі істер органдарының, МТК қабылдаған шешім /қорытынды/ негізінде есептен шығарылады.

5.13. Қазақстан Республикасына әкелініп, белгіленген мерзімде әкетілмеген немесе кеден заңдарын бұза пайдаланылған көлік құралдары кеден органдарының шешімі негізінде есептен шығарылады.

5.14. Шет елде түпкілікті тұратын адамның Қазақстан Республикасына, қайта алып кетуге міндеттеніп алып кірген көлік құралдарын сату не басқаға беретін болып есептен шығару, тек кеден органдарының рұқсатымен жасалады.

5.15. Қайта алып кетуге міндеттеніп, Қазақстан Республикасына 5 айдан аса мерзімге уақытша әкелінген және осы Ереженің 3.27 пунктіне сай тіркелген көлік құралдарын есептен шығарған кезде тіркеу куәлігіне есептен шығарылғандығы туралы белгі соғып "әкетілуі керек" деп жазылады. Берілген сандық белгілер тіркеу пунктіне өткізіледі.

5.16. Осы Ереженің 4.6 пунктінде көрсетілген жағдайдағы, иегердің өтініші бойынша босап қалған агрегатқа куәлік жазылып /N 21 қосымша/ беріледі.

5.17. Автотөлемдермен реестрі мен карточкасына көлік құралын есептен шығарудың нақты негізі /иегердің мекен-тұрағы өзгеруі, тіркеу орнын ауыстырудың басқа да негіздері, басқа ортақ иегердің атына тіркеу, көлік құралын Қазақстан Республикасы жерінен сырт әкету, көлік құралын жарамсыздыққа шығару біреуге, беру, сату-сатып алу, айырбастау, сыйға беру, т.б. көлік құралдарының сот үкімімен өкімет не басқа адамның меншігіне өтуі/ көрсетіліп белгі жасалады.

5.18. Есептен:

- Басқа аймақтарға жолсапармен шыққан заңды тұлғаның және арендаға берілген көлік құралдары;

- Иелерінің түпкілікті мекен-тұрағы өзгермей, есепте тұрған МАИ пункті шебінен тыс әкетілетін, сондай-ақ сенімхат және келісім-шарт бойынша басқа адамға тегін берген иегердің көлік құралдары шығарылмайды.

6. Тіркелген көлік құралдарының есебі

6.1. Көлік құралдарын тіркеу кезінде, барлық қажетті мәліметтер көлік құралдарының тіркеу реестріне жазылады /N 23 қосымша/ және оның әрқайсысына автотөлемдермен сериясы сәйкес тіркеу карточкалары үш дана етіп толтырылады. /N 24, 25 қосымша/. Бір данасы МАИ-дің тіркеу пунктінде картотекада сақталады, екіншісі аудандық МАИ-ға, үшіншісі МАИ-дің облыстық тіркеу пунктіне жіберіледі.

6.2. Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 12.12.92 ж. N 563 бұйрығымен бекітілген АИПС МАИ-дің "Автомобиль" автоматты ішқұрылым туралы нұсқауына сәйкес автотөлемдермен есеп карточкасындағы мәліметтер "Автомобиль" ішқұрылымының базасына енгізіледі.

6.3. Облысқа уақытша келген көлік құралдарының есебі бөлек карточкаларда жүргізіледі.

6.4. Көлік құралдарының облыстан тысқары кетуіне байланысты есептен

шығарылғанда, сондай-ақ меншік иесі өзгергенде немесе жарамсыз болғанда
автомотокөліктің есеп карточкасына және әкелінген /әкетілген/ көліктің кітабына
/N 26 қосымша/ тиісті мәліметтер жазылып, сан белгілер алынғандығы туралы
б е л г і қ о й ы л а д ы .

Осыдан соң автотокөліктің есеп карточкасы ағымдағы картотекадан
алынып, кеткен көліктердің картотекасына салынады. Хабаршы көшірмелері
көлік құралы тіркелген кездегі адресстерге жіберіледі. Олар барған жерлерде де
көлік құралы есептен шыққандығы туралы негізгі есеп карточкасына белгі
қойылады да, карточканың өзі ағымдағыдан, кеткен көліктердің картотекасына
ауыстырылады, ал хабаршы көшірмелер жойылады.

6.5. Бір облыс ішіндегі басқа елді мекенге кетуіне байланысты көлік
құралдарын есептен шығару кезінде МАИ-дің тіркеу пункті, осы Ереженің 5.4
пунктінде айтылған /сан белгілерді алудан басқа/ жұмыстарды жасайды, ал ІБ
МАИ облыстық тіркеу пунктінде алынған хабаршы карточка, көлік құралы
тізімге тіркелген жерден расталған карточка келгенше бақылауда тұрады.
Алынған карточка хабаршы карточкамен салыстырылғаннан кейін, сан белгі
карточкасына қойылады, ал ескісі мен хабаршы карточка жойылады.

7. Көлік құралдарының сан белгілері мен құжаттарын дайындау, есепке алу және сақтау тәртібі

7.1. Тізімге тіркеу құжаттары ретінде Қазақстан Республикасы ІІМ МАИ ББ
белгілеген арнайы өнімдер қолданылады.

7.2. Арнайы өнімдерге сұранысты реттеу мәселесі Қазақстан Республикасы
ІІМ МАИ ББ-ында шешіледі. Мұндай жұмысты қамтамасыз ету үшін, МАИ Бас
Басқармасы мен ІБ МАИ басқармаларында /бөлімдерінде/ облыс
әкімшіліктерімен келісіле отырып, оны қаржыландыру реті анықталады.

7.3. Келіп түскен арнайы өнімдердің есебі /сан белгілер, тіркеу құжаттары,
транзиттік сан белгілер т.б./ арнайы өнімдердің шығыс-кіріс кітабы /N 27
қосымша/ арқылы жүргізіледі.

7.4. Сан белгілердің, техникалық төлқұжаттардың, техникалық талондардың
пайдалану есебі, автотокөліктерді тіркеу бойынша, берілген құжаттардың
сериясы мен сан белгілері қатаң түрде реттілікпен тіркеу арқылы жүргізіледі.

Автотокөліктерді тіркеу кітабы көлік құралдарының түрлеріне қарай -
автомобильдер, мотоциклдер /мотороллер, мотонарт, мотоарба т.б./ болып
ж ү р г і з і л е д і .

7.5. Сан белгілер, тіркеу құжаттарының бланкілері, қатаң есептегі құжаттар
р е т і н д е с а қ т а л а д ы .

7.6. Есептен шығарылған көлік құралдарынан алынған сан белгілері жалпы

тәртіппен қайта берілуіне болады.

7.7. Толтыру кезінде бүлінген тіркеу құжаттарының бланкілері кезекті ревизия кезінде акт жасалып, қайта пайдалануға келмейтіндей әдіс-тәсілмен ж о й ы л а д ы .

7.8. Тізімге тіркеуге, тіркеуге өзгеріс енгізуге, көлік құралын есептен шығаруға, сан белгілерді беруге не ауыстыруға негіз болған құжаттар автомотокөліктерді тіркеу кітабындағы жазуға сәйкес реттілікпен жеке тігіледі де 5 жылға дейін сақталады .

7.9. Көлік құралдарын тіркеу, қатаң есептегі бланкілер мен сандық

белгілердің түсуі мен жұмсалуды реестрлері 60 жыл сақталады. Тіркеу ісіне негіз болған материалдар 5 жыл сақталады. Көлік құралдарын тіркеу реестрлері темір сейфтерде /шкафтарда/ сақталады.

7.10. Жарамсыз, сондай-ақ МАИ-пунктінің қызмет аймағынан тысқары кеткен көлік құралдарының есеп карточкалары бес жыл бойы сақталады.

Қазақстан Республикасы ІІМ МАИ Бас Басқармасы

Ережеге N 4 қосымша

Заңды тұлғалар меншігіндегі көлік
құралдарының техникалық төлқұжаты

Авто-мотомашинаның
ТЕХНИКАЛЫҚ ТӨЛҚҰЖАТЫ

1. Жалпы мәліметтер

1. Меншік иесінің атауы, мекен-тұрағы _____

/меншік, кәсіпорын не жеке адам/

2. Гараж-тұрақ мекені _____

3. Машинаға берілген сандық белгі _____

ВШ N 772021

4. Авто-мотомашинаның қысқаша сипаттамасы:

а/ Машина түрі _____

/жүк, жеңіл, арнайы, автобус, не мотоцикл

б/ Маркасы, үлгісі _____

в/ Қорап түрі _____

г/ Жасаған зауыт _____

д/ Зауыттан шыққан жылы

шет елден әкелінген жылы

е/ Шасии N _____

ж/ Қораб N _____

з/ Қозғағыш N _____

5. Төлкұжат _____

/техникалық төлкұжатты берген милиция/

бөлімнің /бөлімшесінің/ аты, республикасы, өлке не облысы/

19__ ж. "____" _____

МӨР МАИ /милиция/ Бастығы

Ережеге N 5(6??) қосымша

Көлік құралын орналастыру турасында

КЕЛІСІМ-ШАРТ

_____ қаласы _____ "____" _____ 19__ ж.

_____ атынан директоры _____ бір жағына

ұйым аты аты-жөні

және _____ атынан президенті _____

ұйым аты аты-жөні

екінші жағынан төмендегі мәселе бойынша келісім-шарт жасадық:

1. Келісім-шарт мәселесі.

1.1. _____ үшін

бірінші ұйымның аты екінші ұйымның аты

автомобилін қоятын және техникалық қызмет көрсететін орын береді.

1.2. _____ автомобильді сақтағаны, күзеткені

бірінші ұйымның аты

және техникалық қызмет көрсеткені үшін түгел ақысын төлейді.

2. Екі жақтың міндеттері.

2.1. _____ автомобилінің сақталуына және

бірінші ұйымның аты

оған уақытында қызмет көрсету үшін _____

екінші ұйымның аты

қосалқы бөлшектер, ЖЖМ /ГСМ/ мен техникалық қызметшілер бөлуіне толық жауап береді.

2.2. _____ ақысын уақытымен төлеуге міндетті.

бірінші ұйымның аты

Ақысы уақытында төленбеген жағдайда _____

екінші ұйымның аты

келісім-шартты біржақты бұзуға құқылы.

3. Екі жақтың заңды мекен-жайы:

Директор _____ Президент _____

Жәй иегерлер үшін

Ережеге N 7 қосымша

Мемавтоинспекцияға

ӨТІНІШ

Мен _____

/иегердің аты-жөні/

Төмендегі құжаттарды ұсына отырып _____

өтінем

қосымшалар: _____

Көлік құралы егесі туралы мәліметтер:

/аты-жөні/

_____ туылған, кім екенін растайтын

құжат _____

/аты, сериясы, ретсаны, кім, қашан берген/

_____ тұрады.

/облысы, ауданы, елдімекен, көшесі, үйі, пәтері/

Телефоны _____

Көлік құралы туралы мәліметтер

Мемлекеттік тіркеу белгісі Қозғаушы моделі N _____
_____ Шасси/белтемір N _____
идентификациялық нөмірі Қораб N _____
_____ Түсі _____
Маркасы, үлгісі _____ Қозғағыш қуаты __ кВт __ ай-күн
Жасаушы-кәсіпорын _____ Рұқсат етілген көлемсалмақ __ кг
_____ Жайдақ көлемсалмағы _____ кг
Көлік құралының түрі _____ КҚ төлқұжаты сериясы N _____
Категориясы _____
Шыққан жылы _____ /берілген уақыты/

Иегердің өкілі

/аты-жөні/

_____ туылған, кім екенін растайтын құжат

/аты, сериясы, ретсаны, қашан, кім берген/

/облысы, аудан, елді мекен, көшесі, үйі, пәтері/

Телефоны _____

Заңды тұлғалар үшін

Ережеге N 8 қосымша

Мемавтоинспекцияға
ӨТІНІШ

/КҚ-ның егеі - заңды тұлғаның толық атауы/

_____ телефон _____

/ведомство, министрлік/

Заңды мекен-тұрағы _____

/облыс, аудан

_____ телефон _____

елдімекені, көшесі, үйі, пәтері/

Төмендегі құжаттарды әкеліп сұрайтыны _____

қосымшалар: _____

Көлік құралы туралы мәліметтер

Мемлекеттік тіркеу белгісі Модель, қозғаушы N _____
_____ Шасси/белтемір/ N _____
идентификациялық нөмірі Қораб N _____
_____ Түсі _____
Маркасы, үлгісі _____ Қозғағыш күші __ кВт __
Жасаушы-кәсіпорын _____ ат күші _____
Рұқсат етілген барынша көлем
салмағы _____ кг
Көлік құралының түрі _____ Жайдақ көлемсалмағы _____ кг
Категориясы _____ КҚ төлқұжаты сериясы N _____
Шыққан жылы _____
/берілген уақыты/

МАИ-дағы біздің өкіліміз болып, осы тапсырма бойынша барлық істерге қол қойып орындау сенім тапсырылатын адам _____

/аты-жөні, өзін танытатын құжаттың сериясы,

нөмірі, қашан, кім берген/

Мына қолды куәландырамыз _____
Кәсіпорын бастығы _____
/қолы/ /аты-жөні/

Ережеге N 9 қосымша

Көлік құралы сатып Сауда ұйымының аты
алынған күннен 10 күн _____
ішінде мемавтоинспекцияға " ____ " _____ 199__ ж.
тіркелуге тиіс

Сер. АА-12 АНЫҚТАМА-ШОТ N _____

Кімге _____
аты-жөні, ұйым аты

Мекен-жайы _____
Төлқұжат N _____ сериясы _____ берген _____

/көлік құралының маркасы/

_____ Сізге сатылып берілді.

Көлік құралының маркасы, агрегаты _____
жылы _____ рама N _____ техқұжат /басқа құжат/ N _____

Көлік құралы /агрегат/ сатылды.

Сауда ұйымының Директор _____

Мөрі /қолы/

Бухгалтер _____

/қолы/

Ақша мөлшері _____ алынды _____

/жазбаша / /қолы/

Кассир _____

/қолы/

Осы шот-қағазда көрсетілген көлік құралын /агрегатты/ алдым

/қолы/

Ескертулер:

1. Анықтама-шот көлік құралы, оның агрегаттары не бөлшектері сатылғанда беріледі.
2. Анықтама-шоттың бланкасы қорғағыш торламасы бар қағазға типографиялық әдіспен даярланады және қатаң түрде есепте тұрады.
3. Анықтама-шоттың ретсаны типографиялық әдіспен қойылады.
4. Пайдаланылған көлік құралын сатқанда техпаспорттың ретсаны анықтама-шотта көрсетіледі.
5. Бастапқы сатып алуды растайтын құжат - басқа құжат саналады.

кесілетін жер

Анықтама-шот түбірі N _____ Сер.АА-12 "___" _____ 19__ж.

Сатып алушының аты-жөні _____

Мекен-жайы _____

Төлқұжат N _____ сериясы _____ берген _____

_____ маркалы көлік құралы /агрегаты/ _____

қозғаушы N _____, шасси N _____

қорабы N _____, рама N _____, техқұжат не

басқа құжаты N _____ шыққан жылы _____

бағасы _____

кесілетін жер

Ережеге N 9 қосымша

"Келісілді"

"БЕКІТЕМІН"

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы

ПМ МАИ басқармасының Ішкі істер министрінің
бастығы орынбасары
"___" _____ 19__ ж. "___" _____ 19__ ж.

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы
ЖЖҚ қорының Президенті
"___" _____ 19__ ж.

Автоматокөлік құралдарын, оның бөлшектерімен
агрегаттарын сатып алатын анықтама-шот бланкаларын
сатып алу, қабылдау, есептеу, сақтау және жұмсау
тәртібі турасындағы
НҰСҚАУ

Ескерту:

Бұдан былай "Нұсқау" делінеді

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл "Нұсқаулар" ағымдағы заңдар бойынша сауда жасауға рұқсаты бар және Мемавтоинспекцияға тіркелген, меншіктің қай түріндегі болмасын ұйымдармен кәсіпорындардан автоматокөлік құралдарын тіркемелерді, бөлшектерін, агрегаттары мен қосалқы бөлшектерін сатып алудың заңдылығын растайтын, бекітілген үлгідегі анықтама-шот бланкаларын сатып алу, қабылдау, есептеу, сақтау және тәртібін Қазақстан Республикасы бойынша бір жүйеге келтіретін құжат болып табылады.

Ескерту: Бұдан былай "Бланк" делінеді

1.2. Облыстық /қалалық/ ПБ МАИ бөлімдерінде сауда ұйымдарын тізімге тіркеу, сол ұйымның автоматокөлік құралдарын, оның бөлшектері мен агрегаттарын сатуға байланысты іспен шұғылдануына құқығы бар дара шаруашылық ретінде, жергілікті әкімшілік органдарының тізімінде бар екенін растайтын құжат көшірмесі мен өтініш хат негізінде жүзеге асырылады.

1.3. Бланктер қатаң есептегі құжат болып саналады.

1.4. Бланктерді қабылдау, есептеу, сақтау және жұмсау жауапкершілігі,

автомотокөлік құралдарын және оның қосалқы бөлшектерін сататын ұйымның бастығына, және бланктерді тікелей қабылдап, есептеп, сақтап, жұмсайтын адамға жүктеледі.

1.5. Бланктер темір жәшіктерде /сейфтерде/, құрғақ басқа бөлмелерден оқшауланған есігінде сенімді ілгегі, терезесінде темір торы бар, күзеттік және өрттен сақтандырғыш белгі бергіш пен өрт сөндіретін құралдары бар арнаулы бөлімдерде сақталуы тиіс.

1.6. Бланк сақталатын жерге, оны сақтаушы адам, оның тура бастықтары мен бланктерді сақтау мен есебін жүргізу жағдайын тексеретін адамдар ғана кіре алады. Тексеру кезінде бланктерді сақтаушы адамның болуы міндетті.

2. Сауда ұйымдары бланктермен қамтамасыз ету тәртібі

2.1. Қазақстан Республикасында бланктерді бір орталықтан дайындаудың бірден-бір құқысы Қазақстан Республикасы жолда жүру қауіпсіздігі қорының Басқармасына берілген, ал оны сауда ұйымдарына жеткізу ісімен Қор басқармасы мен оның әр жердегі құрылымдық бөлімдері айналысады.

Ескерту: Бұдан былай ҚР ЖЖҚ фондысы делінеді

2.2. Бланктер тек автотокөлік техникалары мен қосалқы бөлшектер сатумен, заңды түрде тіркеліп, айналысатын кәсіпорындар мен ұйымдарға сатылады.

2.3. Бланктерді жеткізу, автотокөлік пен қосалқы бөлшектерді сатуға құқылы ұйым екені турасында облыстық қалалық ІІБ МАИ бөлімшесімен келісіліп, алдын ала берілген сұраныс-хат бойынша жүзеге асырылады.

2.4. Бланктерді алып былайғы ұйымдар мен жай адамдарға сатуға үзілді-кесілді тыйым салынады.

2.5. Бланктер ҚР ЖЖҚ Қорының жергілікті бөлімдері арқылы сатылатын болса, олар ЖЖҚ басқармасына сауда ұйымының аты, мекен-жайы мен телефоны, жеткізілген бланктердің саны, сериясы мен рет саны көрсетілген накладнойдың көшірмесін жібереді.

2.6. ҚР ЖЖҚ Қоры басқармасы түскен мәліметтер негізінде ай сайын республика аймақтары бойынша сатылған, жоғалған және басқа жұмсалған бланктер жайлы ақпараттық бюллетень /N 1 қосымша/ шығарып, мемавтоинспекцияның барлық тіркеу-сынақтық бөлімдеріне жібереді.

3. Бланктерді қабылдау, есептеу және жұмсау

3.1. Келіп түскен бланктерді қабылдау үшін сауда ұйымының басшысы комиссия құрады. Ол комиссияның міндеттері:

а/ бумалардың жағдайы мен бүтіндігін, пломбасы, буманың құлақшасы

болуын, ыдыстың сыртқы маркировкасы сақталуын тексереді.

б/ Бумаларды ашып, келіп түскен бланкалардың саны, сериясы мен рет сандары жіберушінің накладнойындағы сандармен сәйкестігін тексереді.

в/ Бланктарды қабылдағаны туралы үш дана акт /N 2 қосымша/ жасайды.

Біріншісі - бланкті алғандығының дәлелі ретінде жіберушіге, екіншісі - ҚР ЖЖҚ Қорының жергілікті бөлімшесіне жіберіледі, үшіншісі - сауда ұйымының іс қағаздарында сақталады.

3.2. Бланктер кем шықса не бүлінген болса 4 дана акт /N 3 қосымша/ жасалады. Біріншісі - жіберушіге, кем не бүлінген бланк шыққан буманың өз накладнойын, бумаға таққан құлақшаны, жәшіктің пломбасы не мөр басқан сүргішін қосып жібереді, екіншісін ҚР ЖЖҚ Қорының жергілікті бөліміне, үшіншісін - сауда ұйымы тіркелген жердегі облыстық /қалалық/ ИБ МАИ бөліміне, төртінші - сауда ұйымының іс қағаздарында сақталады.

Байқалған барлық кемшіліктер турасында жіберушіге, көлік кәсіпорынына не арнайы байланыс органдарына кінә қойылады.

3.3. Бланктер, қабылданғаннан бастап бес күн ішінде есепке алу мен жұмсау кітабына /N 4 қосымша/ тіркелу керек.

3.4. Есеп кітабына жазуға жіберушінің накладнойы мен бланктерді қабылдау актісі негіз болады.

Әрбір операция жасалғаннан кейін бланктердің қалғаны есептеледі сату-сатып алу операциялары кезінде оны толтыратын қызметкерге бланктер қатаң есеппен рет сандары қойылып беріледі.

3.5. Бланктердің есеп кітаптарына бетсаны қойылып, парақтары жіпке тізіліп ұштары мөрмен бекітіледі. Соңғы бетіне сауда ұйымының жауапты қызметкері: "Бұл кітаптық бетсаны қойылып, жіпке тізіліп, ұштары мөрмен бекітілген _____ парағы бар" деп жазып, қолын қояды.

3.6. Автомотокөлік құралдарын, бөлшектерін не агрегатын сату операциясы кезінде бланк дұрыс толтырылмаса оның бетіне қиғашталып "бүлінді" деп жазылады да толтырушы қол қояды және сауда ұйымының мөрі басылады. Бүлінген бланктер сауда ұйымдарының іс қағаздарында бланк түбірлерімен бірге тігіліп сақталады.

3.7. Бланктерді қабылдауға, есептеуге, сақтау мен жұмсауға байланысты бүкіл құжаттарды сақтау мерзімі 10 жылға белгіленеді.

Автомотокөлік құралдарын, бөлшектерін, агрегаттары мен қосалқы бөлшектерін сататын сауда ұйымдары өз жұмыстарын тоқтататын болса, сауда ұйымының архиві өзінің басшы ұйымына немесе ҚР ЖЖҚ Қорының аймақтық /құрылымдық/ бөліміне актімен тапсырылады.

пайдаланылмаған бланктер бөлек актімен /оларды ҚР ЖЖҚ Қорының аймақтық бөліміне әкелгенде бланканы қабылдағандағы сияқты актімен/

4. Бланктердің есептелуін, сақталуы және жұмсалуды тексеру т ә р т і б і

4.1. Сауда ұйымдарында бланктерді қабылдау, есептеу, сақтау және жұмсау тәртібі орындалуын қадағалау қызметін ҚР ЖЖҚ Қорының басқару аппараты не оның аймақтық бөлімдері мемуаринспекциямен бірлесе отырып атқарады.

4.2. Бланктерді қабылдау, есептеу, сақтау және жұмсау тәртібі орындалуын ҚР ЖЖҚ Қорының басқармасы не аймақтық /бөлімдері тағайындаған арнайы комиссия тексереді. Комиссия құрамына ҚР ЖЖҚ Қоры мен сауда ұйымының қызметкерлері кіреді. Қажет болса, тексеру жүргізуге жергілікті әкімшілік және басқа ұйымдардың құқық қорғау органдарының өкілдері шақырылады.

4.3. Өткізілген тексерулердің есебі, ҚР ЖЖҚ Қорының жергілікті бөлімдері жүргізетін, сауда ұйымдарын тексеру есебі журналына /N 6 қосымша/ жазылады.

4.4. Жоспарлы тексеру жылына бір реттен кем болмауы керек. Кезектен тыс тексеру бланктердің ұрлануы, жоғалуы, өртену не су басу кезінде жойылуы не бүлінуі, шектен тыс жұмсалуды байқалғанда, бланктерді қабылдауға, есептеуге, сақтауға және жұмсауға жауапты адамдар ауысқанда автотокөлік құралдарын, оның бөліктерін, агрегаттары мен қосалқы бөлшектерін сататын сауда ұйымдарының жұмысы тоқтағанда жасалады.

4.5. Тексеру жаппай түрде жүргізіледі, мұндайда анықтама-шот беруге негіз болған құжаттар түгел тексеріледі.

4.6. Тексеру кезінде комиссия:

- байқалған кемшіліктердің заңсыздық пен құнығушылықтың алдын алу үшін тексеріліп жатқан ұйымының басшылары шара қолданды ма, жоқ па, соны анықтайды.

- кемшілік пен заңсыздықты ашуына қарай, оны жою турасында жедел шара жасау, сондай-ақ қажетті жағдайда қызмет бабында тергеу жүргізіп, кінәлі адамды жазалау сауда ұйымының басшысын хабардар етеді.

- қылмыстық іс жасағаны байқалса, бұл турады жергілікті ішкі істер органдарына, сонымен қатар облыстық /қалалық/ ІІБ МАИ бөліміне жедел түрде хабарлайды.

4.7. Егер тексеру кезінде бланктердің басқа ұйымдарға сатылуы не толтырылмаған күйде берілуі байқалса, онда мұндай ұйымдарға басшысына, бұл сауда ұйымына автотокөлік құралдарын, бөліктерін, қосалқы бөлшектерін сату жұмысымен айналысуға тыйым салу турасында талап хат жолданады.

4.8. Тексеру нәтижелері бойынша, байқалған кемшіліктер мен заңсыздықтарды жою жолдары мен оны орындаудың уақыты көрсетіліп акт

ж а с а л а д ы .

Актіге комиссия мүшелері мен сауда ұйымының басшысы қол қояды. Сауда басшысы актіге қол қоюмен қатар көрсетілген кемшіліктер мен заңсыздықтар бойынша, сондай-ақ акті бойынша айтар пікірін қоса /жазба түрде/ түсініктеме береді. Сауда ұйымының кемшілікті тікелей жіберген басқа да жұмысшылары түсініктеме ж а з а д ы .

4.9. Тексеру бойынша акті екі дана етіп жасалады. Бірі тексеруді белгілеген ҚР ЖЖҚ Қорын бөлімінің басшысына жіберіледі, ал екіншісі - тексерілген сауда ұйымында қ а л а д ы .

Кезектен тыс тексеру жүргізілгенде, актінің тағы бір данасы облыстық / қалалық/ ІІБ МАИ бөліміне, қажет жағдайда басқа да ұйымдарға жіберіледі.

4.10. Тексеру көрсеткен кемшіліктерді жою турасындағы комиссия талаптарының орындалуын, тексеру жасатқан ҚР ЖЖҚ Қорының бөлімдері қ а д а ғ а л а й д ы .

Комиссия ұсыныстарын жүзеге асыру шараларын сауда ұйымы орындамаса, ол тіркелген жергілікті әкімшілік органдарына, оның автотокөлік құралдарын, бөліктерін, агрегаттары мен қосалқы бөлшектерін сату турасындағы қызметіне тыйым салу туралы хат жіберіледі. Мұндайда ол ұйымдарға бланк жіберілмейді және бұл жағдай облыстық /қалалық/ ІІБ МАИ-на және ҚР ЖЖҚ Қоры басқармасына х а б а р л а н а д ы .

№ 1 қосымша

Анықтама -шот бланкаларын сауда ұйымдарына

жеткізу турасындағы
МӘЛІМЕТТЕР

NN Ұйымның аты және Мекен-жайы МАИ-да Анықтама Ескерту					
рет ведомствоға қатысы және			тіркелген шот		
саны		телефондары күні		сериясы N	
1	2	3	4	5	6

Сауда ұйымдары жоғалтқан
анықтама-шоттар турасындағы

МӘЛІМЕТТЕР

Анықтама-шот сериясы	Саны	Сауда ұйымының аты	Мекен-жайы, телефоны

Ескерту: Көлік құралдарын сатуға тыйым салынған сауда ұйымдарының орнымен айналасу мүмкіндіктерін болдырмау үшін және пайдаланылмаған анықтама-шот бланкаларын уақытында қайтарып алу мақсатында, көлік құралдары мен оның қосалқы бөлшектерін сататын, мемавтоинспекцияда тіркелген сауда ұйымдарының жұмысын ай сайын қадағалап тұру қажет.

№ 2 қосымша

Сауда ұйымының "БЕКІТЕМІН"
бұрыш мөрі, _____ директоры
телефон _____ /кәсіпорын аты/

/қолы, мөр/ /аты-жөні/
" ____ " _____ 199__ ж

Анықтама-шот бланкаларын қабылдаудың
АКТІСІ

_____ қаласы _____ " ____ " _____ 19__ ж.

Комиссия құрамы: _____

Төрағасы _____

Мүшелері _____

Қатысқандар _____

Комиссия _____ дан /нан/
/шығарған кәсіпорынның аты/

" ____ " _____ 19__ ж. келіп түскен

сериясы _____ рет саны _____ нан _____ ға /ге/

/бума саны, жазба түрде өнімнің түрі/

№ _____ накладноймен қабылдады.

Анықтама-шоттың /өнім/ _____ данасы толық

қабылданды, бланкілер саны құжатында көрсетілген мөлшерден айырмасы жоқ.

Комиссия председателі _____
/аты-жөні/

Комиссия мүшелері _____
/аты-жөні/

N 3 қосымша

Сауда ұйымының "БЕКІТЕМІН"
бұрыштамасы, _____ директоры
телефоны /кәсіпорын аты/

/қолы, мөр/ /аты-жөні/
"___" _____ 19__ ж.

Анықтама-шот бланкаларының жетіспеуі не
жарамсыз шығуы турасындағы

N _____ АКТ

_____ қаласы "___" _____ 19__ ж.

Негізі _____

Комиссия құрамы: _____

Төрағасы _____

Мүшелері _____

Қатысқандар _____

199__ жылдың _____ нен _____ 199__ жылдың _____ не _____
дейін келіп түскен анықтама-шот бланктерінің қалған нақты санын
тексеру жұмысын 199__ жылдың _____ жүргізді.

Тексеру мынаны көрсетті _____

NN Бланк аттары Сериясы Саны Кем шықты /себебі/				
рет		ретсаны	Жарамсыз /неліктен/	
саны				
_____	_____	_____	_____	_____

2.

Актіде көрсетілген анықтама-шот бланкілері _____ дана

/жазба түрде/

_____ жолымен жойылды.

/қашан, қалай, жойылу әдісі/

Комиссия төрағасы _____

/қолы/ /аты-жөні/

Комиссия мүшелері _____

/қолы/ /аты-жөні/

№ 4 қосымша

Қатаң есептегі бланкалардың

қабылдануы мен жұмсалуды есептеу

КІТӘБІ

КЕЛІП ТҮСКЕНІ

Айы-күні	Накладнойд.	Кімнен	Сериясы	Рет саны	Саны	
N	алынды					
		басы	соңы			
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____

ЖҰМСАЛУЫ

Айы-күні	Кімге	Сериясы	Рет саны	Саны	Қалғаны	
берілді						
		басы	соңы			
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____

№ 5 қосымша

Сауда ұйымдарын тексеру есебінің
ЖУРНАЛЫ

Рет	Кім тексерді	Тексеру жүр.	Тексе.	Айы-күні	Кемші.	Кемшіліктерді саны	/МАИ ЖЖҚФ/	ген уақыт	руші	ліктер	жойған уақыты
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____
_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____	_____

Ережеге № 11 қосымша

Автокөлік құралын сату-сатып алу

КЕЛІСІМІ

_____ қаласы 19__ ж. _____
айы, күні

Біз сатушы _____
азамат төлқұжатының сериясы, N, қашан, кім берген

_____ кәсіпорын, мекеме, ұйым аты, сенімді адамының төлқұжаты,

сериясы, N, қашан, кім берген, мекен-тұрағы
және "Сатып алушы" _____
азамат, төлқұжат сериясы, N, қашан,

_____ кім берген, кәсіпорын, мекеме, ұйым аты, сенімді адамының,

_____ төлқұжат сериясы, N, қашан, кім берген, мекен-тұрағы
осы келісімді төмендегідей шарттармен жасадық:

1. "Сатушы" өз қолындағы _____ маркалы, мем.санбелгісі _____
зауыттан 19__ жылы шыққан, қозғаушы N _____, шасси N _____,
қораб /белтемір/ N _____, автомашинаны /мотоциклді, тіркемені/,

сантаңбалы агрегатты/ _____ МАИ _____
" ____ " _____ 19 ____ ж. берген техпаспортымен /техталонымен/
сатты.

2. Автомашина /мотоцикл, тіркеме сантаңбалы агрегат/ _____
теңгеге сатылды және осы ақшаны "сатушы" "сатып алушыдан" түгел алды.

3. Бұл келісімнің бір данасы _____ МАИ іс қағаздарына
/МАИ аты/
тігілді. "Сатушы" мен "Сатып алушы" бір-бір данадан алды.
"Сатушы" _____ "Сатып алушы" _____
аты-жөні, қолы аты-жөні, қолы

4. Келісімде көрсетілгендерді мен _____
/МАИ аты/

МАИ қызметкері _____ тексердім, бәрі құжаттарына
аты-жөні
сай.

5. Автокөлік құралы іс-қағаздарын толтыруға /қайта толтыруға/
ақысы төленді, квитанция N _____ " ____ " _____ 19 ____ ж. ақшасы
_____ теңге

МАИ бөлімінің _____ МАИ бөлімінің бастығы _____
мөрі _____
айы-күні, аты-жөні, қолы

Ережеге N 12 қосымша

Автокөлік құралын айырбастау

КЕЛІСІМІ

_____ қаласы 19 ____ ж. _____
айы, күні

Біз _____
азамат, төлқұжат, сериясы, қашан, кім берген

_____ кәсіпорын, мекеме, ұйым/сенімді адамының төлқұжат

сериясы, кім, қашан берген /мекеме, тұрағы/

және _____

азамат, төлқұжат сериясы, қашан,

кім берген, кәсіпорын, мекеме, ұйым/сенімді адамы

төлқұжат сериясы, қашан, кім берген, /мекен-тұрағы/

осы келісімді төмендегідей шарттармен жасадық:

1. _____

азамат, кәсіпорын, мекеме, ұйым

өзінің _____ маркалы, мем.санбелгісі _____

зауыттан _____ шыққан, қозғаушы N _____

шасси N _____ қораб /белтемір/ N _____ автомашинасын

/мотоциклін, тіркемесін, сантаңбалы агрегатын _____ МАИ берген

сериясы N _____ техникалық паспортымен

/техталонымен/ _____ азаматтың _____

аты-жөні, мекеме

маркасы _____ мемсанбелгісі _____ зауыттан _____ шыққан

қозғаушы N _____ шасси N _____ қораб /белтемір/ N _____

МАИ " _____ " _____ 19__ жылы

/МАИ аты/

берген техпаспорты /техталоны/ бар автомашинасына /мотоцикліне,

тіркемесіне/, сантаңбалы агрегатына айырбастады.

2. Бұл келісімнің бір данасы _____ МАИ іс қағаздарына
тігілді және айырбастаушылар бір-бір данадан алды.

_____ келісушінің аты-жөні, қолы _____ келісушінің аты-жөні, қолы

3. Келісімде көрсетілген мәліметтерді мен _____

/МАИ аты/

МАИ қызметкері _____ тексердім, бәрі құжаттарына

аты-жөні

сай.

Ережеге N 13 қосымша

N ОС-1 типтік формасы

_____ кәсіпорын, ұйым

"БЕКІТЕМІН"

_____ басшының қолы

" _____ " _____ 19__ ж.

Негізгі мүліктерді алу-берудің

N _____ АКТІСІ

199__ ж. "_____" _____
айы

Ай- Инвентарлық Дебет
күні рет саны _____
цех бөлім синтетикалық есеп аналитикалық есеп
шифры
_____ _____ _____ _____ _____

Кредит Алғашқы Тозық шығындары
_____ бағасы мөлшері
цех бөлім синтетикалық аналитикалық _____
есеп шифры есеп толық қайта толық
_____ _____ _____ жасауға жөндеуге
_____ _____ _____ _____ _____ _____

Құрамына _____
қызметі, аты-жөні

_____ кірген комиссия
_____ 199__ ж. "_____" _____ N _____
шешім /бұйрық/ негізінде _____ кімнен кімге
берілген _____ мүліктің аты
_____ қарап шықты.
Қарау кезінде мүліктің _____ тұрған жері
_____ тұрды.

Шыққан жылы 19__

Толық ақшасы _____ теңге Төлқұжат _____
N _____

Ережеге N 16 қосымша

/қызметі, әскери дәрежесі, аты-жөні/

/қолы/

" ____ " _____ 199 ____ ж.

Автомашинаның /тіркеменің/ техникалық жағдайының
АКТІСІ

" ____ " _____ 199 ____ ж.

Комиссия құрамы _____

/дәрежесі, аты-жөні/

/автомашинаның типі, маркасы/

_____ автомашинаны қарап шықты.
шасси N _____ қозғаушы N _____

1. Автомашина /тіркеме/ _____ жылы шыққан
пайдалануға берілгеннен _____ км жүрген _____ мотосағат
орташа жөндеуге _____ рет, толық жөндеуге _____ рет
түскен.

Соңғы орта /толық/ жөндеуден кейін автомашина тіркеме _____
_____ км /мотосағат/ жұмыс істеген.

2. Бар құрал-сайманы _____

3. Дөңгелегінің жарамдылық _____

4. Машинаның /тіркеменің жалпы/ тозық _____

5. Машина _____ категорияға жатады.

_____ қажет етеді.

/орта не толық жөндеу/

Төрағасы: _____

Мүшелері: _____

Ережеге N 17 қосымша
"Бекітемін"
ҚР ХҚК төрағасының орынбасары

" ____ " _____ 19 ____ ж.

Маркалы автомобильді бағалау
АКТІСІ

" _____ " _____ 19__ ж.

Алматы қаласы

Құрамына: Төрағасы _____
мүшелері _____

_____ кіретін комиссия, Қазақстан
Республикасы Министрлер Кабинеті бекіткен ағымдағы преysкурантка сай,
ҚР ХҚК төрағасының жарлығы негізінде автомобильдің жарамдылық
проценті мен бағасын шығару турасында осы актіні жасады.

Автомашинаның маркасы, |Жарамдылық |1991 жылға |1991 жылдан

шасси, қозғаушы сан. | |дейінгі бағасы|кейінгі бағасы

таңбалары, шыққан жылы,| | |

пайдаланылғалы жүргені | | |

_____ | _____ | _____ | _____

Сатылу бағасы _____

Төрағасы:

Мүшелері:

Ережеге N 18 қосымша

Арнаулы жеңіл автомобильдер

ТІЗІМІ

Аттары

Арнайы қызметі

Ескерту

Өрттен қорғау Өрттің алдын алу және өшіру
шаралары

Милиция, МАИ Зиянсыздандыру шаралары мен
шұғыл қажеттерді қамтамасыз
ету

Дәрігерлік Қажет жерге барып дәрігерлік
жедел жәрдем көмек жасау

Апат қызметі Апаттан қорғау, оны зиянсыз.
дандыру шаралары

Инкассация Ақша және құнды заттарды белгі белдеу

және құнды тасиды жасыл түсті, көк
заттар тасу түсті белгішам,
сирена.

Қозғалыс Жүргізушілер ЖЖЕ сақтауын, белгі белдеу
қауіпсіздігі көлікті дұрыс пайдалануды көк түсті, көк
қадағалау, ЖКУ болған жерге түсті белгішам,
бару, автокеруендерге сирена.
қосшылық жасайды

Фельдбайланыс Арнайы почтаны тасиды Аймақтық, облыстық,
арнайы байланыс қалалық аткомдар
шешімімен /ол
жүргізушіде болады/
көк белгішам,
сирена орнатуға
болады.

Оқулық Жүргізуге машықтандыру Автомобильдің
төбесіне екі
жағынанда
жарқырап көрінетін
"У" қойылады.

Станциалы Қондырғы жабдығын пайдалану Жеңіл автомобильдер
арнаулы мақсатында жүреді СРПП-ның 15 ОТ 88
жабдығы бар жылғы ГОСТ-на
сәйкес шығарылып
жарақталады.
Өндіріс-техникалық
бағыттағы туынды.

Ережеге N 19 қосымша

Шетелдік инвестиция кәсіпорынды

мемлекеттік тізімге тіркеу турасындағы
N 1322 уақытша куәлік

1. _____ шет ел кәсіпорны

дара шаруашылық жүргізуші ретінде " _____ " 199__ жылы
тізімге тіркеледі және Қазақстан Республикасы мемлекеттік реестріне
_____ ретсанымен енгізілді.

2. Қызметтің саласы және негізгі түрлері _____

3. Меншік түрі: /жеке, мемлекеттік/ _____

4. Ұйымдық құқық түрі: _____

5. Қазақстан Республикасындағы тұрағы және мекен-жайы _____

Шет ел инвестиция
басқармасының бастығы

Ережеге N 22 қосымша

Бір көлік құралын техникалық қараудың

АКТИСІ

" _____ " 199__ ж.

Мемлекеттік тіркеу белгісі _____

Жекелегендік ретсан /ҮІ/ _____

Маркасы, моделі _____

Жасаушы кәсіпорын _____

КҚ түрі _____, КҚ категориясы /А, В,С,Д тіркеме Е

шыққан жылы _____ Қозғаушы N _____

шасси /рама N _____/ Қорабы N _____

түсі _____ Тіркеу құжаты N _____

Сериясы _____

/меншік иелігін растайтын құжат/

Көлік құралының егесі _____

/жеке меншік иесінің аты-жөні не

ведомстволық иегер кәсіпорынның ұйымының аты/

Егесінің мекен-жайы _____

Сенімді адамы _____

/сенімді адамның аты-жөні, мекен-тұрағы,
сенімхат N _____
сериясы, қашан, кім берген/

Қарауды өткізген _____

/қараған МАИ қызметкерінің қызметі, бөлімшесі,

_____ шені, аты-жөні/

Спидометрдің жағдайы _____

Табылған техникалық ақаулар _____

Қорытынды _____

/қараған МАИ қызметкерінің қолы/

Ережеге N 35 қосымша

Қазақстан ұйымдарымен сауда-экономикалық байланысты дамытуға тиімді
септік жасау мақсатымен Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық
байланыстар министрлігі

Қазақстан Республикасында _____

деген атпен Өкілдік ашуға рұқсат етеді _____

Өкілдік өз қызметін Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес жүзеге асырады. Өкілдіктің құрамы, соның ішінде Өкілдіктің басшысын қоса есептегенде, шет ел қызметкерлерінің саны _____ адамнан аспауы керек.

Рұқсат мерзімі 19__ жылдың _____ айына дейін күшін сақтайды.

Өкілдік _____

жанында тіркелген.

Қазақстан Республикасы Сыртқы
экономикалық байланыстар Министрі

N _____ " _____ " _____ 19__ ж.

Ережеге N 23 қосымша

Автомотокөлікті тізімге тіркеудің есеп

РЕЕСТРИ

рет	Көлік құралы	Түсі	Көлік құралы				
саны	егесінің	_____	_____				
	аты-жөні	шыққан	маркасы N	қозғаушы N	шасси N	қорабы N	
		жылы					
1	2	3	4	5	6	7	

Берілді | Алғанның қолы | МАИ-дің қызмет | Есептен
_____ | _____ | белгілері | шығарып
Тіркеу | сан белгісі, | тіркеу | сан | _____ | қайта тіркеу
құжатының | сериясы N | құжаты | белгісін | алу заңдылығын |
сериясы N | | | растайтын құжат |

8	9	10	11	12	13		
---	---	----	----	----	----	--	--

Ережеге N 10 қосымша

Қатаң есептегі бланктер мен санбелгілердің

түсуі мен жұмсалудың

КІТӘБІ

КІРІС

Түскен уақыты	Накладной N	Кімнен қабыл. данды	Сериясы басы	Рет саны соңы	Саны		
1	2	3	4	5	6	7	

ЖҰМСАЛУЫ

Жұмсалу уақыты	Кімге берілді	Сериясы басы	Рет саны соңы	Саны	Қалғаны		
8	9	10	11	12	13	14	

Ескерту: Кітәпта әрбір белгімен бланк түріне өз алдына бөлім беріледі.

Қазақстан Республикасы ІІМ
1996 ж. 24 маусымдағы N 217
бұйрығына N 2 қосымша

Азаматтардан емтихан қабылдау, оларға
жүргізуші куәлігін беру және жүргізушіге автокөлік
құралдарын басқаруға рұқсат ету туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1.1. Бұл - Қазақстан Республикасындағы барлық заңды тұлғалар мен азаматтарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы жерінде жүрген не тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқтарға ортақ және орындалуға міндетті Ереже. Ол көлік құралдарының категориясын/1/, емтихан тапсыру тәртібін, азаматтарға жүргізуші куәлігін беріп, оларға автокөлік құралдарын басқаруға рұқсат ету жолдарын белгілейді.

Ескерту: /1/ Көлік құралдарын айқындау, 1987 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген жолда жүру Ережесінде бар.

1.2. Барлық көлік құралдары олардың типіне, пайдалануына, басқару ерекшеліктеріне қарай: "А", "В", "С", "Д", "Е", трамвай, троллейбус, мотоарба деген категорияларға бөлінеді және оларды жүргізуге бір үлгідегі куәлік/2/ беріледі де берілетін рұқсат тиісті графасына белгі немесе көлік құралының категориясы көрсетілген штамп қойылады.

Ескерту: /2/ Бұдан былай - "категория куәлігі" - делінеді.

1.3. Жүргізуші куәлігіндегі графаларға рұқсат белгі қойылғанда мынадай көлік құралдарын жүргізуге болады:

"А" - мотоциклдер, мотороллерлер, мотонарт және басқа мотокөлік құралдары;

"В" - толық массасы/3/ 3500 кг-нан және жүргізушінікінен басқа орындығы сегізден аспайтын автомобильдер;

Ескерту: /3/ Толық масса жолда жүру ережесінде анықталған.

"С" - толық массасы 3500 кг-нан асатын жүк автомобильдері және "В" категориясындағы автомобильдер;

"Д" - жолаушы тасуға арналған және жүргізушінікінен басқа 8-ден артық орындығы бар автомобильдер және "В", "С" категориядағы көлік құралдары;

"Е" - тізбек тіркемелерді сүйрейтін "В", "С" болмаса "Д" категориядағы көлік құралдарын және жүргізушінің басқаруға құқысы барлары;

Трамвай жүргізушісі тек трамвай, троллейбус жүргізушісі тек троллейбус жүргізеді.

Ескерту: 1. Жолаушылар таситын автомобильдерге, барлық кластағы автобустар мен адам /вахталық бригада/ тасуға қайта жабдықталған не жасаушы зауыт сериялы түрде тиісті сыйымдылықпен шығарған автофургондар, сондай-ақ 8-ден артық адам тасуға жабдықталған жүк автомобильдері жатады.

2. "А", "В", "С", "Д" категориялары бар жүргізушілер мотоарбаларды жүргізуге құқы бар.

3. "В", "С" немесе "Д" категориялы автокөлік жүргізушілері толық массасы 750 кг-нан аспайтын тіркемелерді көліктеріне жегіп жүруіне құқылары бар, Толық массасы 750 кг-нан аспайтын тіркемесі бар "В", "С", "Д" категориялы көлік құралдарын, сондай-ақ жапсар-тіркемелі автобустарды басқару үшін жүргізуші "Е" категориясына рұқсат алуы керек. Ал жапсар-тіркемелі троллейбусты жүргізу үшін оны жүргізушінің куәлігіне қоса 2-ні не одан жоғары класс куәлігі керек.

1.4. Азаматтардан емтихан алып, жүргізуші куәлігін беру және "А", "В", "С", "Д", "Е" категориядағы көлік құралдарын және трамвай, троллейбус, мотоарбаларды жүргізуге рұқсат беру ісін Қазақстан Республикасы ІІМ мемлекеттік автомобиль инспекциясының/1/ емтихан алу тіркеу бөлімі атқарады.

Ескерту: /1/ Бұдан былай МАИ бөлімшесі делінеді.

1.5. Көлік құралдары жүргізушілерін оқыту және қайта оқытумен жүргізуші кадрларын оқытуға құқық беретін Білім министрлігінің лицензиясы бар оқу ұйымдары, өздерінің ведомстволық бағыныштылығына, меншік түріне байланыссыз, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі, сондай-ақ басқа да мүдделі министрліктер мен ведомстволар ҚР ІІМ МАИ Бас басқармасымен келісе отырып жасаған ортақ оқу жоспары мен бағдарламасы бойынша, ағымдағы заңдармен бекітілген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

1.6. Жүргізушілердің оқу және қайта оқудан өткендігін, Қазақстан Республикасы Білім министрлігі бекіткен "Көлік құралдарын жүргізушілерін даярлайтын курсты бітіргендігінің куәлігі" деген құжат растайды.

2. Мемавтоинспекцияға емтиханға және көлік құралдарын жүргізуге жіберу тәртібі

2.1. "А", "В", "С", "Д", "Е" категориядағы көлік құралдарымен трамвай, мотоарба, троллейбус жүргізуге құқық беретін жүргізуші куәлігін алғысы келетін азаматтар алдымен Қазақстан Республикасы Денсаулық Сақтау министрлігі

белгілеген дәрігерлік кепілдеме алып, оқу ұйымдарында толық дайындық курсынан өтуге міндетті.

2.1.1. Дәлелді себептермен жүргізушілер даярлайтын оқу ұйымдары болмайтын елді-мекендерде түпкілікті тұратын адамдар өз бетімен дайындалған соң, ІІБ МАИ Басқармасы /бөлім/ басшыларының рұқсатымен ғана "А", "В" категориядағы автокөлік құралдарын жүргізу құқын алуға МАИ бөлімдерінде емтихан тапсыруға жіберілуі мүмкін. Мұндай елді-мекендердің тізімін, Қазақстан Республикасы ІІМ МАИ ББ келісе отырып ІІБ басшылары бекітуі к е р е к .

2.1.2. Жұмыс жағдайына байланысты оқу ұйымдарындағы дайындық курсына қатыса алмайтын, жалпы жоғары не арнаулы-орта техникалық білімі бар адамдар "А", "В" категориядағы көлік құралдарын жүргізуге құқық алу үшін МАИ бөлімдеріне емтихан тапсыруға Қазақстан Республикасы ІІМ МАИ ББ рұқсатымен ғана бір жолға жіберілуі мүмкін.

2.1.3. "В" категориядағы көлік құралдарын жүргізу құқығы, кемінде үш жыл жүргізушілік тәжірибесі бар адамдар, осы Ереженің 2.1.1. пунктінде айтылған себептері болған жағдайда "С" категориядағы көлік құралдарын жүргізу құқығын алу үшін МАИ бөлімдеріне емтихан тапсыруға, ІІБ МАИ басқармасының /бөлімінің/ ұсынысымен Қазақстан Республикасы ІІМ МАИ ББ басшыларының рұқсатымен ғана жіберілуі мүмкін.

2.2. Автомобиль - трактор мамандықтары бойынша жоғары не арнаулы орта оқу орындарын бітірген адамдарға "А", "В", "С" жеке-жеке сондай-ақ - "А", "В", "С" категорияларына бірден рұқсат етілген жүргізуші куәлігі, олар диплом көшірмесін, семестр және емтихан тапсыру ведомствосынан көшірілген мәліметтерді, диплом қосымшасын әкелгенде және МАИ бөлімдерінде өзі сұраған категориялар бойынша теория мен тәжірибеден емтихан тапсырған соң б е р і л у і м ү м к і н .

2.3. Түпкілікті тұратын жерлерінде тіркелген адамдардан ғана жүргізу куәлігін алу үшін МАИ бөлімдерінде емтихан қабылданады.

Әскердің барлық түрінде мерзімді қызмет етіп жүргендер өз әскери бөлімдері тұрған жерінде емтиханға жіберіледі.

Ескерту: Ішкі істер органдары қызметкерлерін емтиханға жіберу тәртібін Қазақстан Республикасы ІІМ МАИ Бас Басқармасы белгілейді.

2.4. "А", "В", "С", "Д" категорияларға жататын көлік құралдарын және мотоарба жүргізу құқығын беретін жүргізуші куәлігі, МАИ бөлімдерінде теория мен тәжірибеден емтихан тапсырған адамдарға беріледі. Ал "Е" категориясына тәжірибеден емтихан, трамвай, троллейбус жүргізуге теориядан емтихан т а п с ы р а д ы .

Теориялық емтихан кезінде Жолда жүру Ережесі мен жолда жүру

қауіпсіздігіне қатысты және оқу бағдарламасында қарастырылған басқа да пәндер турасындағы білімі тексеріледі. Тәжірибелік емтихан кезінде тиісті категориядағы көлік құралын жүргізуінің білетіндігі тексеріледі.

2.5. "А" категориядағы көлік құралын және мотоарбаны 16-ға "В", "С" категориядағыны - 18-ге, трамвай және қызметтік жеңіл автомобильдерді, таксилерді - 20-ға, "Д" категориядағы мен троллейбусты - 21-ге толған адамдардың жүргізуіне рұқсат етіледі/І/.

Ескерту: /І/ "Д" категориядағы көлік құралдарын жүргізуге 18-ге толған әскердегі жүргізушіге рұқсат беріледі.

2.6. Әскери адамдардың және Қорғаныс министрлігімен Республика Ұланы, Ішкі істер органдары МТК мен ұлттық қауіпсіздік қызметкерлерін штаттағы көлік құралдарын жүргізуге жіберу тәртібіне өз жолымен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі, Республика Ұланы, Ішкі істер министрлігі, МТК және Ұлттық қауіпсіздік комитеті белгілейді.

2.7. "С" не "Д" категориялы жүргізуші куәлігі бар әйелдерді, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен келісе отырып Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі мен Қазақстан Республикасы кәсіподақ Федерация кеңесінің әйелдер үшін белгіленген еңбек ауқымынан, жүк көтеруі мен жолаушы сыйымдылығынан аспайтын жүк автомобильдерін немесе автобустарды жүргізуге рұқсат етіледі.

2.8. "Е" категориядағы көлік құралдарын жүргізу құқы, "В" - "С" - "Д" графаларында рұқсат белгісі қойылған жүргізуші куәліктері бар, тиісті автокөлік құралдарында үзіліссіз бір жыл жұмыс істеген, белгіленген бағдарлама бойынша оқу ұйымдарында қайта дайындықтан өтіп, МАИ бөлімінде көлік құралдарын тізбегі бойынша тәжірибелік емтихан тапсырған жүргізушілерге беріледі. Мұндайда "В" - "С" - "Д" графаларында рұқсат белгілері бар куәлікті жүргізушіден тәжірибе емтиханы жапсар-тіркемелі автобустан алынады.

"Д" категориясындағы көлік құралдарын жүргізу құқы, "С" немесе "В" - "С" категориялы куәліктері бар, тиісті көлік құралдарында үзіліссіз бір жыл жұмыс істеген, белгіленген бағдарлама бойынша қайта дайындықты өтіп, теория және тәжірибе емтихандарын тапсырған жүргізушілерге беріледі.

Үзіліссіз жұмыс мерзімін растайтын құжатқа жұмыс орнынан әкелген анықтама немесе көлік құралының тіркеу құжаты /нотариалды кеңсе берген, көлікті жүргізуге құқық беретін куәлік/ жатады.

Жүргізу машығы бойынша емтихан-оқу ұйымдары берген автобустар мен тізбек-тіркемелі көлік құралдары бойынша қабылданады.

Ескерту: Мерзімді әскери қызметтегілерге "Д", "Е" категориясындағы көлік құралдарын жүргізу құқы, оның жүргізуші куәлігінің "В" - "С" графаларында

белгі болып үзіліссіз кемінде 6 ай белгіленген бағдарлама бойынша қайта дайындықтан өту мерзімі қосылады, жұмыс істегенде және теория мен тәжірибе емтихандарын тапсырғанда беріледі.

2.9. Барлық көлік құралдарының жүргізушілері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі белгілеген тәртіп пен уақытта міндетті түрде дәрігерлік кепілдік алғаннан кейін көлік құралдарын жүргізуге жіберіледі.

Мемлекеттік автомобиль инспекциясының жауапты қызметкерлері, автокөлік кәсіпорынның басшылары жүргізушінің денсаулығына күмәнданатын болса, оны белгіленген мерзімнен бұрын, қалыптасқан тәртіп бойынша дәрігерлік тексеруге жіберіледі.

Егер жүргізуші дәрігерлік қаралудан бас тартатын болса немесе дәрігерлік комиссия оны көлік құралын жүргізуге жарамсыз деп тапса, мемавтоинспекция белгіленген тәртіп бойынша оның жүргізушілік куәлігін алады.

Ескерту: Дәрігерлік жарамдылық тексерістеріне жіберу туралы МАИ басқармалары, бөлімдері мен бөлімшелерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары, ал МАИ бөлімдері мен бөлімшелері жоқ жерде, ішкі істер бөлім басшылары мен олардың орынбасарлары шешім қабылдайды.

2.10. Жүргізушілерді көлік құралдарын жүргізу құқынан айыру ағымдағы заңдар негізінде жүзеге асырылады.

Көлік құралдарын жүргізу құқынан айрылған адамдарға жүргізуші куәлігі, айыру мерзіміне байланыссыз, теория мен тәжірибеден емтихан тапсырғаннан кейін қайтарылады. ТЕК, ішкілік салдарынан жазаланған жүргізуші міндетті түрде дәрігерлік қараудан өтеді. Мұндайда жүргізушілер өздері айрылған жүргізуші куәлігінде көрсетілгеннен жоғары категориядағы көлік құралдары бойынша тәжірибе емтиханын тапсырады.

3. Емтихан қабылдау мен жүргізуші куәлігін беру тәртібі

3.1. Барлық категориядағы көлік құралдарын жүргізу құқығы үшін теория мен тәжірибеден емтиханды МАИ бөлімдеріндегі емтихан комиссиясы қабылдайды.

3.2. Теория мен тәжірибеден емтихан алатын комиссияның құрамы үш адамнан кем болмауы керек.

Комиссия құрамын тіркеу-емтихан бөлімінің бастығы тағайындайды және оған:

- МАИ бөлімінің қызметкері /комиссия төрағасы/;
- жүргізушілер дайындайтын оқу ұйымдарының, автокөлік кәсіпорнының, әскери комиссариаттың және қоғамдық ұйымдардың /комиссия мүшесі/ өкілдері кіруге тиіс.

Емтихан комиссиясы құрамына емтиханға түсетін топты дайындаған оқытушыны не автомобиль жүргізуге баулыған өндірістік үйрету шеберін кіргізуге болмайды.

3.3. Емтихан комиссиясының мүшелері жолда жүру Ережесін, емтихан алу тәсілін білуге тиіс және:

- автомобиль мамандығы бойынша жоғары не техникалық орта білімі; емтихан алатын категория бойынша өзінің жүргізуші куәлігі;
- атқаратын қызметі бойынша жұмыс тәжірибесі, сосын кезінде үш жыл жүргізушілік стажы болуы шарт.

3.4. Оқу ұйымдарында оқып жатқан адамдардан, жергілікті жағдайға байланысты, алдыңғы айдың 25-не дейін МАИ бөлімдеріне түскен ұсыныс бойынша оқу орнында да, емтихан комиссиясы орналасқан жерде де емтихан қабылданы мүмкін.

3.5. Көлік құралдарын жүргізу құқығын беретін жүргізуші куәлігін аламдеушілер МАИ бөліміне болмаса МАИ емтихан комиссиясына:

- оқушылар тобының тізімін;
- жоғары не техникалық арнаулы орта білімі турасындағы дипломының көшірмесін /осы Ереженің 2.1.2. пунктінде айтылған адамдар үшін/;
- диплом көшірмелерін және семестр және емтихан ведомстарынан көшірме болмаса дипломға қосымшасын /2.2 пунктте көрсетілген адамдар үшін/;
- тиісті категориядағы көлік құралына сай бағдарлама бойынша оқып шыққаны туралы куәлік;

- төменгі оң бұрышы ашық қалдырылған жылтырақ емес қағазға түсірілген

3.5x4.5 мөлшерлі екі фотосуретін;

- тиісті категориядағы көлік құралдарын жүргізуге жарайтындығы турасындағы белгіленген үлгідегі дәрігерлік анықтама /N 1 қосымша/;

- емтихан үшін белгіленген және жүргізуші куәлігі мен оның берілуі үшін қажетті /алым мөлшері жергілікті әкімшілік қабылдаған шешімнен анықталады/ алымдарды төлегені туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісі не жинақ банкісі мекемелерінің квитанциясын;

- ИБ МАИ Басқармасының /бөлімінің/ ұйғарымымен білімі тексерілуге жіберілген жүргізушілерден алым алынбайды;

- Төлқұжатын не соның орнына жүретін құжатын әкеледі.

3.6. Жүргізуші куәлігін алу үшін емтихан тапсырар алдында жүргізуші карточкасы /N 2 қосымша/ толтырылады да ол төлқұжатымен не оның орнына жүретін құжатымен бірге емтихан комиссиясына беріледі.

3.7. Емтиханның реті:

Бірінші - теория, екінші - тәжірибе.

Теорияны тапсыра алмаған адам тәжірибе емтиханына жіберілмейді.

Теориялық және тәжірибелік емтихандарды қабылдау тәсілі N 12, 13
қосымшаларда баяндалған.

3.8. Оқу ұйымдарында автокөлік құралдарын жүргізуді оқыған адамдарға емтиханды, теориядан болсын, тәжірибеден болсын қайта тапсыру мерзімі 7 күннен әріге, ал 2.1.1. пункттерінде айтылған адамдарға 10 күннен әріге белгіленеді.

Ескерту: Тұрған жерінен көшетін не әскерге, оқуға, ұзақ іссапарға /3 айдан аса уақытқа/ т.б. кететін адамдар үшін дәлелін растайтын құжатын көрсеткенде, түсінушілік ретінде емтиханды қайта тапсыру 5 күннен кейінге белгіленеді.

Қалған басқа жағдайдың бәрінде емтихан тапсыру уақытына бағдар қойылмайды, тек бір тәуліктен әріге қойылуы шарт.

Теория алған жарамды баға үш айға дейін күшін жоймайды. Көрсетілген мерзім өтсе, жүргізушілікке талапкер теориядан емтиханды қайта тапсырады.

3.9. Жолда жүру Ережесі мен жүргізу тәжірибесі бойынша қабылданған емтихан нәтижелері емтихан карточкалары негізінде хатталады /N 4 қосымша/ және міндетті түрде емтиханға қатысқан комиссия мүшелерінің қолдары қойылады.

3.10. Теория мен жүргізу тәжірибесінен емтихан тапсырған адамдарға хаттама негізінде жүргізуші куәлігі жазып беріледі де оның сериясы мен ретсаны жүргізуші куәлігін беретін кітапқа /N 3 қосымша/ және жүргізуші куәлігіне жазылады.

3.11. Жүргізуші куәлігі қолмен арнаулы сиямен, қара түсті пастамен болмаса ПЭВМ баспа машинкасымен толтырылады.

3.12. Жүргізуші куәлігі берілуінің заңдылығы мен толтыру дұрыстығын емтихан комиссиясының төрағасы тексеріп қолын қойған соң мөр басылады.

Жүргізуші куәлігімен оқу ұйымын бітіргендігі турасындағы куәлік берілгенде куәліктің берілген уақыты, сериясы, ретсаны және оны берген бөлімнің аты жазылады. Жазулар мөр мен бекітіледі.

3.13. Жүргізуші куәлігінің графаларындағы жүргізуге болатын көлік құралдарына сай әріпті ұяға "Разрешено" /"Рұқсат"/ деген штамп қойылады. Басқа "Рұқсат" етілмеген категориядағы көлік құралдары графалары қиғаш сызықты штамппен және дөңгелек компостермен жабылады.

3.14. Жүргізуші куәлігі 10 жылға беріледі /"_____ " дейін жарамды" болмаса "Ерекше белгілер үшін" деген графаларға бұл турасында жазылады/, ол мерзім өткеннен кейін осы Ережедегі көрсетілген тәртіппен ауыстырылады.

Ескерту: дәрігерлік комиссиядан өту мерзімі шектелген жүргізуші шет елге кететін болса, оның жүргізушілік куәлігіне, басқа жарамдылық мерзімі қойылады.

3.15. Трамвай, троллейбус, мотоарба жүргізуге рұқсат алғандардың жүргізуші

куәлігіндегі "Ерекше белгілер үшін" графасына аталған көлік категориясына сай штамп қойылып, мөр басылады. Тағы сондай шектеулер мен ескертулер сол графаға қойылуы мүмкін.

3.16. Жарамдылық мерзіміне дәрігерлік комиссия шектеу қойған адамдарға жүргізуші куәлігін беру кезінде, оның "Ерекше белгілер үшін" графасына "Дәрігерлік анықтама қажет" деген штамп қойылады.

3.17. Арнаулы оқу орындарын бітіргендер және көлік құралдары жүргізушілігіне оқыту үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі жинаған әскерге алынатындар, оқуларын бітірген бойда МАИ-ға емтихан тапсырады.

Теория мен жүргізу тәжірибесінен емтихан тапсырғаннан кейін оларға тиісті категория бойынша көлік құралын жүргізу куәлігі беріледі. Мұндайда куәліктің "Ерекше белгілер үшін" графасына куәлік егесінің қай күннен /18-ге толғаннан/ бастап автомобиль жүргізуге құқығы бар екені жазылады.

3.18. Басқа категориядағы көлік құралдарын жүргізу құқығын алғанда жүргізуші куәлігі жаңартылады да, бұрынғысындағы қажетті белгілер жаңасына көшіріледі.

3.19. Жүргізуші куәлігін оның егесі төлқұжаты не соның орнына жүретін құжатты көрсетіп, жүргізуші куәліктерін беру кітабына қолын қойып алады.

Жүргізуші куәлігін дайындау, есепке алу және беру жұмыстары автоматтандырылатын болса, оның тәртібі Қазақстан Республикасы ІІМ 1996 жылғы 28 ақпандағы N 93 бұйрығына N 3 және N 4 қосымшаларға сәйкес жасалады.

3.20. Жүргізуші куәлігі алынған кезде оның орнына уақытша талон беріледі. Ол берілгеннен кейін 30 күнге дейін рұқсат етілген категориядағы көлік құралдарын жүргізуге құқық береді.

Қажет жағдайда уақытша рұқсат мерзімін жол ережесін бұзған жердегі не көлік құралының түпкілікті /уақытша/ есепте тұрған жеріндегі МАИ-дің жауапты қызметкері созып бере алады.

3.21. Бас бостандығынан айрылып жазасын өтейтін жерге кеткен, бірақ көлік құралдарын жүргізу құқығынан айрылмаған адамдардың алынған жүргізуші куәлігі, күшіне енген үкім не халық сотының қаулысы негізінде, түзету-еңбек мекемесі әкімшілігінің ұсыныс хаты бойынша қайтып беріледі.

4. Жүргізуші куәлігін ауыстыру және жоғалған орнына жаңасын беру тәртібі

4.1. Жүргізуші куәлігін ауыстыру ауыстырушының өтініші /N 5 қосымша/ тиісті категориядағы көлік құралдарын жүргізуге жарайтындығы туралы дәрігерлік анықтамасы, жүргізуші карточкасын немесе жүргізуші куәлігін берген

ІІМ, ІІБ МАИ-дан растау қағазы әкелінгенде жүзеге асады.

"Д" категориядағы жүргізуші куәлігін "В", "С", "Д"-ға немесе "С" категориясындағы "В", "С" категориялы жүргізуші куәлігіне ауыстыратын жағдайда МАИ-ға теориядан да тәжірибеден де емтихан тапсырылмайды.

4.2. Бұрын берілген не "Жалданып жұмыс істеуге құқысы жоқ" деген штамп бар, сондай-ақ жарамсыз болып қалған жүргізуші куәліктерін ауыстыру осы Ереженің 4.1. пунктіне сай жүзеге асады.

4.3. Жүргізуші куәлігі ауыстырылғанда, жаңа берілгенінің "Ерекше белгілер үшін" деген графасына ескісінің сериясы ретсаны мен берілген күні қойылады.

4.4. Жүргізуші куәлігін жоғалтқан адамға ол түпкілікті не уақытша тұрған кезі бойынша тіркелген болса, өтініші, жүргізуші карточкасы, дәрігерлік анықтамасы қажет жағдайда оқу ұйымын бітіргендігі турасындағы куәлігі немесе бұрынғы куәлігін берген ІІМ, ІІБ МАИ-нан растау қағазы негіздерінде МАИ бөлімшесі "Дубликат" /"Қосалқы"/ деген белгі қойып жаңа куәлік береді.

4.5. Қосалқы жүргізуші куәлігін дайындау кезінде бір айға жарайтын жүргізуші куәлігінің талоны беріледі. Қажет болса /бір жаққа сұраныс жіберіп, одан жауап алғанша, куәлікті жоғалтуға байланысты кейбір мәселелерді анықтаған/ талон мерзімі 3 айға дейін ұзартылады. Жүргізуші куәлігінің талоны азаматтарға, олардан осы Ереженің 2-пунктінде айтылған тәртіп бойынша теория мен тәжірибеден емтихан алғаннан кейін беріледі.

Берілген талонға, жүргізуші куәлігінің сериясы мен ретсанының орнына, "Жоғалғанның орнына" деген жазу, ал екінші бетінің төменгі жағына жарамдылық мерзімін ұзарту мерзімі жазылады.

4.6. Қосалқы куәлікті толтыру кезінде берілетін жүргізуші куәлігі мен талоны қосалқы куәлік берілгеннен кейін материалдарға қосылады.

4.7. Халықаралық жүргізуші куәліктері Қазақстан Республикасы көлемінде жарамды. Жолда жүру туралы ағымдағы конвенцияға сай келетін ұлттық жүргізуші куәліктері, олардың расталған аудармасы болса, Қазақстан Республикасы жерінде жарамды.

4.8. Жолда жүру туралы ағымдағы Конвенция талабына сай келмейтін болса, басқа мемлекеттер азаматтарының ұлттық жүргізуші куәліктері Қазақстан Республикасы жерінде егер халықаралық келісімдерде басқадай шарты болмаса, міндетті түрде ауыстырылуға тиіс.

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың аталған жүргізуші куәліктері олардың түпнұсқасы мен расталған аудармасы ішкі істер органдарында тіркелген төлқұжаттарын МАИ бөлімдеріне әкелініп, өздері дәрігерлік комиссиядан өткеннен кейін және теория мен тәжірибеден емтихан тапсырғаннан кейін барып ауыстырылады.

Бұл жерде ұлттық жүргізуші куәлігінде рұқсат етілген көлік құралдарын

жүргізуге құқық беретін және осы Ереженің 1.3. пунктінің "Д" категориясынан басқа талаптарына сай келетін жүргізуші куәлігі беріледі.

Ұлттық жүргізуші куәлігі МАИ бөлімшелерінде сақталады да егесіне, ол Қазақстан Республикасынан кетуіне байланысты өтінішіне орай өзіне берілген Қазақстан Республикасының жүргізуші куәлігін қайтарғанда беріледі.

4.9. Дипломатиялық статусы бар, Қазақстан Республикасындағы шет елдің дипломатиялық, консулдық және басқа өкілеттігі қызметкерлерінің жүргізуші куәліктерін ауыстыру тәртібін Қазақстан Республикасы Сыртқы және Ішкі істер министрліктері белгілейді.

4.10. Жүргізуші куәлігі жоқ шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға егер олардың Қазақстан Республикасында болуы 6 айдан аспайтын болса, Қазақстан Республикасының жүргізушілік куәлігі жалпы тәртіппен беріледі.

4.11. Жолда жүру туралы ағымдағы конвенция талаптарына сай келетін ұлттық немесе халықаралық жүргізуші куәлігін шет елде жүріп алған Қазақстан Республикасының азаматтары, онысын Қазақстан Республикасының соған сәйкес жүргізуші куәлігіне, ауыстыру үшін дәрігерлік комиссиядан өтеді, аталған жүргізуші куәлігімен оның расталған аудармасы МАИ бөліміне әкеледі.

4.12. Жолда жүру туралы ағымдағы конвенция талаптарына сай келмейтін ұлттық жүргізуші куәлігін шет елде жүріп алған Қазақстан Республикасының азаматтары, онысын соған сәйкес жүргізуші куәлігіне ауыстыру үшін дәрігерлік комиссиядан өтеді, аталған жүргізуші куәлігімен оның расталған аудармасын МАИ бөліміне әкеледі және теория мен тәжірибеден емтихан тапсырады.

4.13. Мемлекеттік немесе ұлтаралық тілді білмейтін шет елдік не басқа адамдар, теория мен тәжірибеден емтихан тапсыруға маман аудармашының қатысуымен жіберіледі және ол туралы мәліметтер емтихан комиссиясының хаттамасына енгізіледі.

Мұндай жағдайда теория емтиханы ауызша сұрақ-жауап әдісімен алынады және емтихан уақыты шектелмейді.

5. Көлік құралдары жүргізушілерін даярлайтын және қайта даярлайтын оқу ұйымдарын тіркеу тәртібі

5.1. Көлік құралдарын жүргізушілерін даярлау мен қайта даярлаумен айналысатын барлық оқу ұйымдары МАИ бөлімдеріне тіркелуге тиіс.

5.2. Жүргізуші дайындау, қайта дайындау турасындағы оқу ұйымдары жаңадан ашылғанда олар тексеріп-зерттеледі. Мұндай тексеріс комиссиясы құрамына: ІІБ МАИ бөлімінің қызметкері /төраға/, облысты /қалалық, аудандық/ халыққа білім беру бөлімінің өкілі /төраға орынбасары/, сондай-ақ оқу және оған басшы ұйымдардың бар болса өкілдері мүше ретінде кіреді.

5.3. Тексеру кезінде Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің жүргізуші кадрларын дайындау құқын беретін лицензиясы болуы, көлік құралдары жүргізушілерін дайындау мен қайта дайындаудағы реті мен мерзімі турасындағы Ереже талаптарына оқулық-материалдық база сай келуі, инженер-оқытушылардың, өндірістік оқу шеберлерінің білім деңгейі және оқу ұйымының сабақты бастауға әзірлігі анықталады да мұның бәрі еркін түрдегі актіге түсіріледі.

Оқу ұйымы қойылған талаптарға сай болған жағдайда әлгі актіге жасақталған оқушы топтарының саны және сабақтардың басталуы мен аяқталу мерзімі көрсетіледі.

5.4. Жүргізушілерді дайындау мен қайта дайындаудың оқушы топтары 30 адамнан аспайды. Сабақ басталғасын 15 күннен қалдырмай оқу ұйымдары әрбір оқушы топтарын МАИ бөлімдеріне тізімге тіркетеді, белгіленген формада /N 7, 8 қосымша/ ұсынысы мен оқушылардың тізімін береді.

МАИ бөлімдерінде оқушылардың тізімі жүргізушілер дайындау бойынша оқушы топтары есептейтін журналға /N 9 қосымша/ тіркеледі.

5.5. Оқу ұйымдарының жұмысы басшы ведомствоның бақылауы ретінде жылына кем дегенде бір рет тексеріліп, нәтижелері актілері қажет жағдайда байқалған кемшіліктерді жою турасында ресми талапхат қоса жазылады.

Егер қадағалап тексеру кезінде оқу ұйымы МАИ талапхатына мән бермей, теориялық дайындығы төмен, көлік құралын жүргізу тәжірибесі нашар үміткер-жүргізушілерді емтиханға әкеле беретін болса, өйтпесе материалдық оқу базасы мен автомотокөлік қойылған талаптарға сай болмаса, онда бұл ұйымнан оқушы топтары тізімге алынбайды және бұл турасында оқу ұйымы мен оның /болса/ басшы ұйымдарына хабарланады. Онан кейін бұл оқу ұйымынан оқушы топтары тіркеу ісі, тек талапхатта көрсетілген кемшіліктер жойылған кезде және /осы Ереженің 5.1-5.3 пункттерінде жазылған тәртіппен жүзеге асады.

5.6. МАИ бөлімдерінде көлік құралдары жүргізушілерін дайындайтын және қайта дайындайтын оқу ұйымдары бойынша, олардың жарақталуы мен қызметі турасындағы негізгі мәліметтер көрсетілген бақылау іс-қағаздар тігіндісі болады. Онда - зерттеу актілері, предписание көшірмелері, қадағалау-тексеріс материалдары қысқа талдау-анықтамалар сияқты құжаттар болады.

6. Жүргізуші құжаттары мен басқа да материалдарды сақтау тәртібі

6.1. Жүргізуші құжаттары бланкаларының түсуі мен жұмсалыу есебі қатаң есептегі бланкалар мен санбелгілердің түсуі мен жұмсалыуын есептеу кітабі /N 10 қосымша/ бойынша жүргізіледі.

6.2. Жүргізуші куәлігінің бланкалары қатаң есептегі құжат ретінде осы

бұйрықтың N 3 қосымшасына сәйкес сақталады.

6.3. Толтыру кезінде бүлінген жүргізуші куәлігінің бланкалары кезекті тексеріс кезінде, қайта пайдалануға болмайтындай әдіспен жойылады да тиісті а к т і ж а с а л а д ы .

Дәл осылай дәрігерлік комиссиясының қорытындысы бойынша көлік құралдарын жүргізуге жіберілмейтін жүргізушілердің, орнына басқасы берілгеннен кейін табылған, сондай-ақ жүргізу құқығынан айырылғаннан соң екі жыл бойы ізделмеген жүргізуші куәліктері жойылады да жүргізуші куәліктерін беру реестріне белгі жасалады.

МАИ-дің басқа бөлімдері берген жүргізуші куәліктері жойылғанда оларға құлақтандыру /N 11 қосымша/ жіберіледі.

6.4. Жүргізуші куәліктерін беруге және ауыстыруға негіз болған материалдар /өтініш, ескі жүргізуші куәлігі, алым төлеу квитанциялары т.б./ сол сияқты оқушы топтардың тізімдері жеке тігіліп белгіленген тәртіппен бес жыл сақталады .

Ескерту: орнына жаңасы берілген ескі жүргізуші куәлігінің "Жоққа есеп" деген штамп қойылып, іс қағаздарына тігіледі. Емтихан комиссиясы хаттамалары 10 жыл, жүргізуші куәліктерін беру реестрі біткеннен соң 60 жыл сақталады. Хаттамалармен кітаптар МАИ бөлімдерінде сақталады.

6.5. Дәрігерлік анықтамалар, жүргізуші карточкалары, оқу ұйымын

бітіргендігі туралы куәліктер, барлық құжат-қағаздар толтырылғаннан кейін жүргізуші куәлігімен бірге егесіне беріледі.

6.6. Көлік құралдарын жүргізу құқысынан айрылған адамдардың жүргізуші куәлігі, егесі тұратын аймақта қызмет ететін МАИ-дің тіркеу-емтихан алу бөлімінде сақталады.

Ережеге N 1 қосымша

Қазақстан Республикасы
Денсаулық Сақтау министрлігі

/мекеме аты/

ДӘРІГЕРЛІК АНЫҚТАМА
(Мемавтоинспекция көрсету үшін)

/аты-жөні/

Жасы _____
Тұратын жері _____
Жұмыс орны _____
19__ жылы "_____" _____ дәрігерлік қаралудан өтті.

ДӘРІГЕРЛІК КОМИССИЯНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

1. Троллейбус, трамвай жүргізуге жарамды /жарамсыз/.
2. Мотоцикл, мотороллер, мотонарт, мопед /"А" категориясы жүргізуге жарамды /жарамсыз/.
3. Рұқсат етілетін барынша салмағы 3500 кг-нан, жүргізушінікінен басқа орын саны 8-ден аспайтын /"В" категориясы/ автомобильдерді жүргізуге жарамды /жарамсыз/.
4. Салмағы шектелмейтін автомобильдерді /"С" категориясы/, жолаушы сыйымдылығы шектелмейтін автобустарды /"Д" категориясы/ жүргізуге жарамды /жарамсыз/.
5. Қолмен басқарылатын автомобильдерді жүргізуге жарамды /жарамсыз/.
6. Мотоарба жүргізуге жарамды /жарамсыз/.

АНЫҚТАМА _____ дейін жарамды.
Фотосурет пен дәрігерлік _____ Комиссия төрағасы
/қолы/
комиссия мөрі _____ Хатшы
/қолы/

Ережеге N 2 қосымша

ЖҮРГІЗУШІ КАРТОЧКАСЫ

Тегі _____ аты _____
Әкесінің аты _____
Туған күні мен жері _____
Мекен-тұрағы _____
Фотосурет Төлқұжат сериясы _____ N _____
орны _____ берді
/ішкі істер органы/
Дәрігерлік қараудан _____
/дәрігерлік мекеменің

_____ өтті.
аты, анықтама N, қаралу уақыты/
Бағдарлама бойынша

/қандай категориядағы көлік құралына оқыды,
_____ оқып шықты.

және қандай оқу ұйымында/
19 __ жылы " __ " _____ N _____ куәлігін алды.

БЕРІЛГЕН КУӘЛІКТЕР

Категориясы	Сериясы	Куәлік N	Берілген уақыты	Құжатты берген кісінің, мөрмен	Бекітілген қолы

Комиссия төрағасы _____ /Аты-жөні/
/қолы/

19 __ ж. " __ "

МАИ мөрі Ескерту: Жүргізуші карточкасы егесінде сақталады және жүргізуші куәлік ауыстыру, сондай-ақ сол куәліктердің қосалқы данасын алу кезінде МАИ бөлімшесіне көрсетеді.

Ережеге N 4 қосымша

Мемлекеттік автомобиль инспекциясы

емтихан комиссиясының 199 __ ж. " __ " _____

Комиссия құрамы: төраға _____

Мүшелері _____

Р/с | Емтихан | Туылған | Жүргізуге емтихан | Емтихан |
| алушының | жылы | тапсыратын көлік | тапсырушының |
| аты-жөні | | құралының категориясы | оқыған жері |

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

Емтихан нәтижелері

теориядан | тәжірибеден

нешінші | тапсырды ма? | нешінші | тапсырды ма?
келгенде | | келгенде |

6 7 8 9

ТӨРАҒА
МҮШЕЛЕРІ

Ережеге N 5 қосымша

Мемавтоинспекциясына

/қай облыстың, қаланың, ауданның _____

" ____ " _____ 199__ жылы /қай облыста, қалада/

ауылда туылған/

тұратын

/қай жерде/

/қай жерде, қандай жұмыс атқаратын/

Сериясы _____ N _____

/қашан, кім берген/

Төл құжаты бар _____ азаматтан

/аты-жөні/

ӨТІНІШ

19__ жылы " ____ " _____

(қай облыс, өлке, республиканың)

МАИ бөлімінен алған сериясы _____ N _____

жүргізуші куәлігін ауыстыруындағы, қосалқы данасын беруіңізді

/қажетсізін сызып тастаңыз/

сұраймын.

Өтінішке мынадай құжаттар қосылуы:

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____

" ____ " _____ 19__ ж.

/өтінуші қолы/

Мемавтоинспекция белгілері:

Сериясы _____ N _____ жүргізуші куәлігі берілді.

" ____ " _____ 19__ ж.

Мемавтоинспектор /құжатшы/ _____
/қолы/

Ережеге N 6 қосымша

Орыс әріп. тері		Латын әріп. тері		Ескерту тері		Орыс әріп. тері		Латын әріп. тері		Ескерту тері
--------------------	--	---------------------	--	-----------------	--	--------------------	--	---------------------	--	-----------------

А	А	Н			
Б	В	О	О		
В		П	Р		
Г	С	Р			
Д		С			
Е	Б	Дауыссыздан кейінгі	Т	Т	
	Е	инициал және дауыс.	У		
Е	Е	тыдан, ь және ь	Ф		
		ц,ш,щ,ж-дан басқа	Х	КН	
	О	дыбыссыздардан		Т	
		кейін.	Ц	СН	
Ж	Н	ч,ш,щ,ж-дан кейін	Ч	Н	
З		инициал және басқа	Ш	НСН	
И		дыбыстыдан,ь және ь	Щ	,	
Й		Дыбыстыдан кейінгі	Ъ		
К	К	инициал және басқа	Ы	,	
Л		дыбыстыдан кейін ь	Ь	Е	
М	М	Э			
		Ю	А		

Я

Инициалдар - жеке тұрған және жол басында тұрған
әріптер

Ережеге N 7 қосымша

/республика, облыс, аудан/

МАИ бастығына

директорына
" ____ " категориясы бойынша авто.
көлік құралдарын жүргізуге оқыған
N _____ оқушылар тобын
тізімге алуыңызды өтінемін

Мекен-жайы _____ телефон N _____
Сабақтың басталуы _____ Сабақтың аяқталуы _____

ОҚЫТУШЫЛАР:

1. Автокөлік құралдарының құрылысы мен техникалық баптау жөнінен

/аты-жөні/
Білімі _____ мамандығы _____
Жүргізуші куәлігі _____

2. Ереже мен жолда жүру қауіпсіздігі негіздерінен _____

/аты-жөні/
Білімі _____ мамандығы _____
Жүргізуші куәлігі _____

3. Жол уақиғасына ұшырағандарға алғашқы көмек көрсету жөнінен

/аты-жөні/
Білімі _____ мамандығы _____
жүргізуге іс жүзінде
үйрету шебері

4. _____
/аты-жөні/

Білімі _____ категориядағы автокөлік құралдарын _____
жыл жүргізген
Оқытушылық куәлігінің сериясы _____ N _____

" ____ " _____ 199__ жылы берілді.

Ережеге N 8 қосымша /соңы/

ОҚУШЫЛАР ТІЗІМІ

Рет саны	Аты-жөні	Туылған уақыты	Білімі/жүргізуші куәлігінің сериясы, нөмірі, қашан, кім бергені, көлік құ. ралының категориясы	Жұмыс орны, қызметі	Мекен -жайы
1	2	3	4	5	6

Оқу орнының басшысы _____

/қолы/

" ____ " _____ 199__ ж.

4-графаға, көлік құралдарын жүргізушіге дайындалатын кісілер үшін білімі, ал көлік құралдарының басқа категориясының қайта дайындалатындар үшін жүргізуші куәлігі көрсетіледі.

Ережеге N 9 қосымша

Жүргізушілер дайындау бойынша

оқу топтарының есеп

ЖУРНАЛЫ

Р/с	Оқу ұйымының аты	Топ	Тіркелген N____ уақыты	Оқушылар саны	Оқып жатқан көлік құра. лының	Сабақтың басталуы	Сабақтың аяқталуы
-----	------------------------	-----	------------------------------	------------------	-------------------------------------	----------------------	----------------------

Бастық

/басқарма, бөлім, шені/

/қолы/

ТӘЖІРИБЕЛІК ЕМТИХАН ТАПСЫРУ

ТӘСІЛДЕМЕСІНЕ N 1 ҚОСЫМША

Қ ұ р м а н ғ а з ы к ө ш е с і

Байтұр.

сынов

көшесі

Сейфуллин

Абай даңғылы

көшесі

Масанчи

көшесі

РОП

Сәтпаев көшесі

_____	1-сынақ жолы
_____	2 " "
_____	3 " "
_____	4 " "

Тәжірибелік емтихан тапсыру

тәсілдемесіне N 2 қосымша

Сынақ маршруттарының схемасы

/маршруттардың жалғаса орналасуы/

Құрманғазы көшесі

Байтұр.

Сейфуллин

СЫНОВ

Абай даңғылы

көшесі

көшесі

Масанчи

көшесі

РОП

Сәтпаев көшесі

_____ 5-ші сынақ маршруты

_____. 6-ШЫ " "

7-ші " "

..... 8-ші " "

Тәжірибелік емтихан тапсыру

тәсілдемесіне N 3 қосымша

Автомобиль жүргізу жөніндегі

емтихандық карточка

_____ туған күні, айы _____

/тегі, аты, әкесінің аты/

NN |Емтихан үстінде жіберген|Қатесі үшін | Жинаған айып балл

рет қатесі, бұзған ережесі айып балда. _____

саны | _____ | рының шкаласы | емтихан тапсырған күн _____

[illegible]

A horizontal number line with arrows at both ends. It has major tick marks labeled 0, 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, and 10. The number 5 is circled.

1. Жүргізуге /белдік, қол тежеуіш/ дайындалған жоқ.

☐ ☐ ☐ 5

2. Басқа жүргізушілермен санаспайды.

☐ ☐ ☐ 10

3. Ескерту белгілерін бермейді не уақтылы бермейді.

☐ ☐ ☐ 10

4. Артқы жақты көрсететін арнайы пайдаланбайды.

☐ ☐ ☐ 5

5. Жүргізу тетіктерін пайдалана алмайды, бір қалыпты жүргізе білмейді.

☐ ☐ ☐ 10

6. Жүру жолында жолақты дұрыс ұстай алмайды.

☐ ☐ ☐ 10

7. Тиісті жүріс жылдамдығын сақтамайды.

☐ ☐ ☐

Ескерту: Жіберілген қателерді /ережелер бұзуды/ емтихан қабылдаушы матрицадағы торларды сызу жолымен түсіреді. Ол торлар емтихан карточкасының әрбір позициясында орналасқан. Айып баллдары да жіберілген категе /ереже бұзғанға/ есептеліп, оны тағы да қайталаған кезде үстіне қосыла береді. 4 графаға алғашқы емтихан, ал 5 және 6 графаларға қайта

тапсырылған емтихандар түсіріледі.

1	2	3	4	5	6
---	---	---	---	---	---

8. Ара қашықтықты сақтамайды.

 10

9. Тұрған көлікті, соның ішінде жалпы пайдалану көлігін дұрыс айналып өтпейді.

 10

10. Бір қатардан екінші қатарға дұрыс шықпайды.

 20

11. Көше қиылысын немесе жаяу жүргіншілер жолына жақын. дағанда дұрыс тоқтамайды.

 5

12. Бағдармашы мен реттеушінің талаптарын орындамайды.

 30

13. Жол белгілері мен таңбалары талаптарын орындамайды.

 25

14. Басым жүріс құқын ескермейді.

 20

15. Дұрыс бұрылмайды.

 10

16. Дұрыс басып озбайды.

17. Автомобильді дұрыс тоқтатпайды.

18. Апатты жағдайға душар етті.

Барлық жинаған айып баллы

Емтиханның нәтижесі: _____
/тапсырды, тапсырған жоқ/

Теориялық емтихан өткізу

тәсілдемесіне N қосымша

Жолда жүру Ережелері туралы

ЕМТИХАН КАРТОЧКАСЫ

Teri _____

аты

әскесінің аты _____

туған жылы _____

куәлік алу үшін емтихан тапсырды

[illegible]

Жалпы нәтиже | Комиссия
| мүшелері қолы

Емтихан тапсырушының _____
/қолы/

Қазақстан Республикасы ІІМ
1996 жылғы 24 маусымдағы
N 217 бұйрығына N 3 қосымша

Көлік құралдарының тіркеу құжаттары бланктерін,
жүргізуші куәліктерін, сандық белгілерін қабылдау,
есепке алу, сақтау және Қазақстан Республикасы ІІМ
мемлекеттік автомобиль инспекциясының тіркеу-емтихан алу
бөлімшелерінде тексеру өткізу тәртібі туралы
НҰСҚАУ

I. Жалпы ережелер

1.1. Қатаң есепте болатындықтан тіркеу құжаттарының, жүргізуші куәлігінің бланкілері және көлік құралдарының белгілері Қазақстан Республикасы ІІМ а р н а й ы ө н і м і н е ж а т а д ы .

МАИ-дің тіркеу-емтихан алу бөлімшесін МАИ бланкілерімен және сандық белгілермен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы ІІМ бекіткен тәртіппен іске а с ы р ы л а д ы .

1.2. МАИ бланкілері мен сандық белгілерді қабылдау, есептеу, сақтау, жұмсау, көлік құралдарын пайдалануға байланысты жинақ алу МАИ-дің тіркеу-емтихан алу бөлімшесі бастықтары мен МАИ бланкілері мен номерлік белгілерді қабылдау, есепке алу, сақтау жұмыстарымен тікелей айналысатын к і с і л е р г е ж ү к т е л е д і .

1.3. МАИ, ПБ МАИ орталық ТЕаб-ның/1/ бланкілері арнайы бөлмелері мен сандық белгілер сақталатын бөлмелер құрғақ, оқшауланған, берік ілгекті және терезелері темір торлы, күзеттік және өрт сезгіш дыбыстар хабаршы жабдығы, сондай-ақ өрт сөндіретін құралдары болуы тиіс.

Ескерту: ТЕаб - тіркеу-емтихан алу бөлімі

Күзеттік дыбысты хабаршы жабдығы бұзылса, тіркеу-емтихан алу бөлімшесінің бастығы /аға мемавтоинспектор/ оны қалпына келтіру үшін шаралар қолданады, ал ол жабдықтардың жөнделуі кезінде бөлме қарулы күзетке тапсырылады да, МАИ бланкілері, мөр, бұрыштама таңба және басқа арнайы өнімдер сақтай тұруға аудандық ПБ-нің кезекші бөлімшесіне өткізіледі.

1.3.1. ПБ МАИ ТЕаб бөлімдерінде МАИ бланкілері жанбайтын не темір жәшіктерге аудандық ПБ кезекшілік бөлмесінде немесе жеке бөлмеде сақталады.

1.3.2. МАИ бланкілерін есептеу кітабы, көлік құралдарын тіркеу және жүргізуші куәліктерін беру реестрлерінің бәрі ПБ, ПБ МАИБ секретариатында жеке ретсанмен тіркеледі және тек қана қол қойдырып беріледі, олар нөмірленіп мөрмен бекітіледі. Кітаптың соңғы бетіне ПБ, ПБ МАИБ секретариат қызметкері: "Бұл кітапта _____ бет нөмірленіп, жіпке тізіліп мөрмен бекітілген" - деп ж а з а д ы д а қ о л ы н қ о я д ы .

Кітапқа жазу сиямен /пастамен/ жазылады. Жіберілген кателер, дұрыс емесі сызылып, дұрысы жазылу жолымен жөнделеді және бұл туралы ТЕаб қызметкері ұ қ т ы р м а ж а з ы п қ о л ы н қ о я д ы .

1.3.3. Қазақстан Республикасы ІІМ 1996 ж. 18 ақпандағы N 93 бұйрығына сәйкес автоматты құрылым пайдалану арқылы жүргізуші куәліктерін, көлік құралдарын тіркеу туралы куәліктерін дайындау мен беруге өту кезінде, тіркеу әрекеттері жасалуы, жүргізуші куәліктерінің беруі туралы мәліметтерді күнбе-күн жинау жолымен, компьютерлік басылымдардың әр бетіне ретсан қоя отырып тиісті реестрлер жасалады. Мұндайда ТЕаб бастығы /оның орнындағы кісі/ әрбір беттің соңына жасалған тіркеу әрекеттерінің, категориясы көрсетіліп берілген жүргізуші куәліктерінің саны туралы жазу түсіреді. Мәліметтер реестрінің беттері 100-ге толғанда, осы нұсқаудың

1.3.2. пунктінің талабына сәйкес реестр-кітап жасалады.

1.4. МАИ бланкілері мен сандық белгілер сақталатын бөлмеге, тек аталған заттардың сақталуына басшылық жасайтын кісілер, олардың тікелей басшылары мен осы арнайы өнімдердің, сақталуы мен есептелу жағдайларын тексеретін ішкі істер органының қызметкерлері /сақтауға басшылық жасайтын кісінің қатысуымен/ ғана кіре алады. Жауапкершілік ПБ қала ПБ-і бастығының бұйрығымен нақты бір лауазымды кісіге жүктеледі.

2. МАИ бланкілері мен сандық белгілерді қабылдау, есептеу ж ә н е ж ұ м с а у

2.1. Дайындаушылар /жөнелтушілерден/ түскен МАИ бланкілері мен сандық белгілерді қабылдау үшін ПБ мемавтоинспекция Басқармасының /бөлімінің/ бастығы құрамы кемінде үш адамнан тұратын комиссия құрады.

МАИ бланкілері мен сандық белгілерді қабылдау жөніндегі комиссия:

2.1.1. Ыдыстар мен бумалардың бүтіндігін, пломбаларының, тай-бумалардың құлақшаларының, ыдыстың сыртқы таңбасының сақталуы тексеріледі.

2.1.2. Ыдыс пен бумаларды ашады, келіп түскен МАИ бланкілері мен сандық белгілердің санының, сериясы мен номерлерінің, сандық дайындаушылар /жөнелтушілер/ қағазында көрсетілгенге сәйкес келетін-келмейтінін бір-бірлеп
о т ы р ы п т е к с е р е д і .

2.1.3. Бланкілер мен сандық белгілердің қабылданғандығы жөнінде төрт дана /N 3 қосымша/ акт жасайды. Оның бір данасы МАИ бланкілерін, сандық белгілерді қабылдағанды айғақтау үшін дайындаушыға /жөнелтушіге/; екінші данасын Қазақстан Республикасы ІІМ-нің МАИ Бас басқармасына жібереді; үшінші данасы облыстық /қалалық/ ПБ МАИ басқармасының /бөлімінің/ іс қағаздарына, төртінші данасы МАИ-дің тіркеу емтихан алу бөлімшесінің іс
қ а ғ а з д а р ы н а т і г і л е д і .

2.2. Егер МАИ бланкілері мен сандық белгілер жетіспесе, артық шықса және бүлінген болса актіні үш дана етіп жасайды. Бүкіл шағым, белгіленген тәртіппен, тікелей дайындаушыға /жөнелтушіге/ немесе арнайы байланыс органдарына
ж а с а л а д ы .

Актінің бірінші данасы оған қоса міндетті түрде заттармен қоса келген қағазы /накладная/ зат жетіспеген /артық шыққан/ не болмаса заттары бүлінген ыдыстың , буманың жапсырма қағазы, пломбасы немесе сүргішті мөрі /дайындаушы мекеме үшін жапсырма қағаз жапсырылған орамы мен жібі қоса қайтарылады/ жөнелткен мекемеге жіберіледі, екінші данасы ПБ МАИ Бас басқармасында, үшінші данасы - ПБ Мемлекеттік автоинспекциясында сақталады.

Мемавтоинспекцияның ауданаралық тіркеу-емтихан алу бөлімшесі МАИ бланкілері мен сандық белгілерді мәлімдеме мен сенім хат негізінде ПБ МАИ-ның тіркеу-емтихан алу бөлімінен /бөлімшесінен/ алады.

2.3. Қабылданған МАИ бланкілері мен сандық белгілер алынған сәттен 10 күннен асырмай қатаң есептегі бланкілер мен сандық белгілер /N 4 қосымша/ түсуін және жұмсалуын есептеу кітабына кіріс етіледі. Ондай кітап облыстық /қалалық/ ПБ МАИ-енің барлық тіркеу-емтихан алу бөлімшелерінде жүргізілуге
т и і с .

2.4. Есептеу кітабына тіркеуге МАИ бланкілері мен сандық белгілерді қабылдау актісі мен заттармен қоса жіберілген /накладная/ қағазы негіз болады. /

МАИ-дың ауданаралық тіркеу-емтихан алу бөлімшелері үшін ІБ МАИ-дың тіркеу-емтихан алу бөлімдері /бөлімшелері/ берген қағаз/. МАИ бланкілері мен сандық белгілердің қалғандары әрбір операциядан соң шығарылып отырады. Қатаң есептегі бланкілер мен сандық белгілердің ішкі алыс-берісті рет санын катал сақтай отырып, тіркеу-емтихан алу бөлімінің, ауданаралық тіркеу-емтихан алу бөлімінің бастықтары, ол жоқта орнындағы қызметкер жүргізеді.

2.5. Кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдар мен азаматтарға берілген МАИ бланкілері мен сандық белгілердің есебі Қазақстан Республикасындағы механикалық көлік құралдары мен тіркемелерді мемлекеттік тіркеу және есептеу ережелерімен азаматтардың емтихан алу мен жүргізуші куәлігін беру және жүргізушілерге көлік құралдарын жүргізуге рұқсат беру /Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 1996 жылғы 24 маусымдағы N 217 бұйрығына N 1 және N 2 қосымша/ ережелерінде көрсетілгендей тәртіппен жүргізіледі.

2.6. Көлік құралдарын тіркеуге, тіркеуге өзгеріс енгізуге, есептен шығаруға, МАИ бланкілері мен номерлік белгілерді беруге немесе ауыстыруға негіз болған құжаттар іс номенклатурасында қарастырылуға тиісті іс қағаздарына тігіледі. Іс қағаздарына тігілген барлық құжат парақ қалдырылмай номерленеді. Қатаң бақылауда болатын әр жүз бланкіден соң іс тігіндісі /том/ құралады да, ең соңына арнайы тігілген таза параққа тіркеу емтихан алу бөлімінің, ауданаралық тіркеу-емтихан алу бөлімінің бастықтары немесе олардың орнындағы адамдар: /"Бұл томда" _____ парақ тігілді, қатаң есепте болатын бланкілердің санды берілгенін тексердім" деп жазып, /қызметін, шенін, аты-жөнін, жазып қояды/ жасалған әрбір іс-тігіндіге ретсаны қойылады.

2.7. Толтыру кезінде бүлінген МАИ бланкілері тіркеу-емтихан алу бөлімшелерін тексеру үстінде Қазақстан Республикасы ІІМ Бас Басқармасы комиссияның қатысуымен өртеу жолымен жойылады. МАИ бланкілерінің жойылғаны жөнінде акт жасалады.

Көлік құралдарын жүргізу құқын беретін ұлттық жүргізуші куәлігі бланкілерінің және көлік құралын тіркеу турасындағы куәліктердің жұмсау материалдарының бүлінгендері, жабдықтаушы мен облыстық ІБ МАИ ТЕаБ бірлесіп жасаған бланкілерді жарамсыздандыру актісінің негізінде ҚР ІІМ МАИ ББ комиссиясын қатыстыра отырып жойылады.

2.8. Әрі қарай пайдалануға жарамсыз болғандықтан көлік құралдарынан ағытып алынған мемлекеттік санбелгілерді ІБ-ның комиссия акт жасап жояды.

Қағазға жасалған транзит санбелгісі ҚР ІІМ 19__ ж. "___" _____ ғы N _____ бұйрығына /N 1 қосымша/ сәйкес Ережеде белгіленген тәртіппен ж о й ы л а д ы .

2.9. МАИ бланкілерін есептеу кітаптарының көлік құралдарын тіркеу, жүргізуші куәліктерін беру реестрлерінің бәрі жанбайтын немесе темір

сейфтерде /жәшіктерде/ сақталуы тиіс.

2.10. Қатаң есептегі МАИ бланкілерін есептеу кітаптарын көлік құралдарын тіркеу және жүргізуші куәлігін беру реестрлерін сақтау мерзімі, соңғы жазу біткеннен бастап 60 жыл.

3. ИБ комиссиясының тексеру өткізу тәртібі

3.1. МАИ бланкілерін, сандық белгілерді қабылдау, есептеу, сақтау, жұмсау жағдайларын, көлік құралдарын пайдалануға байланысты жинақтың дұрыс жиналғанын ИБ басшылығы тағайындаған комиссия жылына 2 рет тексереді. Комиссияның төрағасы ИБ МАИ басқармасы /бөлімше/ бастығы орынбасарларының бірі немесе ИБ МАИ басқармасы /бөлімі/ техникалық бақылау бөлімі /бөлімшесі/ бастығы болады.

Комиссия құрамына МАИ басқармасы /бөлімі/ қала ИБ, ИБ қаржы-жоспарлау бөлімшелерінің қызметкерлері кіреді. Қажетті жағдайда тексеру жұмыстарына, ИБ басшылығының рұқсатымен МТК, прокуратураның, таможняның, салық инспекциясының өкілдері қатысуы мүмкін.

Тіркеу-емтихан алу бөлімінің не оның бөлімдерінің бастығы ауысатын болса, уақытына қарамай, ол бөлімшенің жұмысы жаппай тексеріледі.

Ескерту: Жыл сайын 15 қаңтарға қарай МАИ Бас басқармасына жасалынған

жұмыс есебімен бірге МАИ-дың тіркеу-емтихан алу бөлімшелерінің келер жылғы

қызметін тексеру жоспары да ұсынылады.

3.2. Тексеруге соңғы тексерілген сәттен кейінгі материалдардың барлығы жатады.

3.3. Комиссия мына жайттарды тексереді:

3.3.1. МАИ бланкілері мен сандық белгілердің дер кезінде және толық кіріске алынғанын.

3.3.2. МАИ бланкілері мен сандық белгілердің сақталу жағдайын.

3.3.3. МАИ бланкілері мен сандық белгілерді белгіленген тәртіппен жойылу тәртібінің сақталуын.

3.3.4. МАИ бланкілері мен сандық белгілердің нақты саны қолдағы есеппен сай келуін.

3.3.5. Занды тұлға мен жеке адамның көлік құралдарын тіркеу, тіркеуге өзгерістер енгізу және есептен шығару негіздерін.

3.3.6. Тіркеу құжаттарымен сандық белгілерді беруге, сондай-ақ көлік құралдарын қайта жабдықтауға негіз болған, көлік құралдарын, сантаңбалы

агрегаттары мен бөлшектерін сатып алудың заңдылығын растайтын құжаттардың
б о л у ы ж әне н а қ т ы л ы ғ ы .

3.3.7. Жүргізуші куәлігін берудің негізін /тұңғыш рет пе, әлде жарамаған, не
жоғалтқан сан орнына берілсе де/.

3.3.8. Көлік құралдарын пайдаланғаны үшін төленетін ақшаның дер кезінде
ж әне д ұ р ы с ж и н а л у ы н .

3.3.9. Тіркелген көлік құралдары мен көлік құралдарын жүргізу құқынан
айрылған кісілер картотекасының бар-жоқтығы мен дұрыс жүргізілуін.

Көлік құралдарын тіркеу және жүргізуші куәліктерін беру турасындағы есеп
кітабы мен компьютерлік мәлімет бланкісіндегі жазулар, МАИ бланкілерін,
сандық белгілерді алуға, немесе тіркеу құжаттарына өзгеріс енгізуге негіз болған
құжаттар мәліметтеріне сәйкес болуын.

3.3.10. Жолда жүру ережелерін бұзғандығы үшін көлік құралдарын жүргізу
құқынан айрылған кісілердің куәлігін есепке алу, сақтау және беру тәртібін.

3.3.11. Құжаттардың сақталу мерзімінің және тіркеу-емтихан алу жөнінде іс
ж ү р г і з у д і ң д ұ р ы с т ы ғ ы н .

Кітапқа өшіру жұмыстарын жасауға, коррекциялайтын сұйықты пайдаланып,
түзеуге, бос жол қалдыруға болмайды.

3.3.12. Алдыңғы тексерудің қорытындылары көрсеткен кемшіліктердің
ж ө н д е л у і н .

3.3.13. МАИ-дың тіркеу-емтихан алу бөлімшелерінде белгіленген жұмыс
р е ж и м і н і ң с а қ т а л у ы н .

3.3.14. Көлік құралдарын тіркеу, тіркеуге өзгеріс енгізу, есептен шығару,
жүргізушілерге көлік құралдарын жүргізуге рұқсат беру, емтихан қабылдау және
азаматтарға жүргізуші куәлігін беру тәртібін түсіндіретін ақпаратты-анықтама
материалдарының бар-жоқтығын.

3.4. Тексеру жаппай тәртіппен жүргізіледі. Мұндайда барлық құжат, МАИ
бланкілері мен сандық белгілерді беруге негіз болған тіркеу және емтихан алу
жазбалары мұқият тексеріледі.

3.5. Тексеру кезінде көлік құралдарын тіркеу және есептен шығару, жүргізуші
куәліктерін берудің тәртібі өрескел бұзылғандығы байқалса, комиссия төрағасы
бұл туралы тексеруді белгілеген ІІБ басшысына және ІІМ мен ІІМ МАИ ББ-на
б а я н е т е д і .

3.6. Тексеру нәтижелері бойынша, байқалған кемшіліктер мен ереже
бұзушылықтарды көрсете отырып акт жасалады және оларды жою туралы
ұсыныс айрылады, орындалу мерзімі мен орындаушылар көрсетіледі.

Табылған кемшіліктер мен ереже бұзушылық, сонымен қатар акті не оның
жеке пункттері бойынша келіспеушілік болатын болса, тіркеу-емтихан алу
бөлімшесінің бастығы /басшысы/ актіге қол қоя отырып қағаз жүзінде түсінік

б е р е д і .

3.7. Тексеру біткен соң оның нәтижелері ІІБ басшылығында шұғыл кеңесте қаралады да байқалған кемшіліктер мен ереже бұзушылықтарды жою және тіркеу-емтихан алу бөлімшелерінің жұмысын жетілдіру турасында нақты шешім қабылданады. Табылған өрескел Ереже бұзушылық /қылмыстық-жаза алатын іс/ бойынша қызметтік тергеу белгіленеді, оның нәтижелері екі күндік мерзімде ІІМ және ІІМ МАИ ББ жіберіледі.

4. Қазақстан Республикасы ІІМ МАИ Бас басқармасы белгілейтін тексеруді жүргізу тәртібі.

4.1. Тексеруді ІІМ басшылығымен келісім ІІМ МАИ Бас басқармасы белгілеген арнайы комиссия жүргізеді. Комиссияның құрамына МАИ Бас басқармасының, міндетті түрде ФЖБ-нің қызметкерлері және ІІБ МАИ-ның тіркеу-емтихан алу бөлімшесінің қызметкерлері кіреді. Қажетті жағдайда ІІМ басшылығының шешімімен тексеруге МТК-нің, прокуратураның, кеден, салық инспекцияларының қызметкерлері қатысуы мүмкін.

4.2. ІІМ МАИ Бас басқармасына ІІБ МАИ басқармаларының /бөлімдерінің/ осы Нұсқау талаптарын орындауын қадағалау, сондай-ақ ІІМ МАИ тіркеу-емтихан алу бөлімшелерінің жұмысын іріктеп не жаппай /МАИ ББ басшылары анықтайды/ кемінде екі жылда бір рет тексеру жүктеледі. Ал Алматы қаласы мен Алматы облысының қалалық ІІБ-ның МАИ басқармасы жыл сайын тексеріледі.

ІІМ МАИ-ның Бас басқармасы тексеру нәтижесі бойынша жазған анықтамасында тіркеу-емтихан алу бөлімі басшыларының және тексеріліп отырған МАИ-дың тіркеу-емтихан алу бөлімшелері қызметкерлерінің атқарып отырған қызметтеріне лайық, лайық еместігін ІІБ МАИ бөлімінің /басқармасының/ қызметі тарапынан ұйымдастырушылық ролін міндетті түрде жазады.

Қазақстан Республикасы ІІМ МАИ Бас басқармасы

Ережеге N 1 қосымша

Жүргізуші куәлігін беру

КІТӘБІ

Алғандығы жөніндегі қолы		МАИ қызмет белгілері	
тіркеу құжаты	сандық белгі	алу заңдылығын анықтайтын құжат	есептен шығару қайта тіркеу

Қызмет белгілері _____ Төлқұжаты: _____
ТЕаБ Бастығы _____ МӨР /қолы, шені, аты-жөні/
/қолы, шені, аты-жөні/
Парақ N _____ ай-күні _____ Парақ N ____ ай-күні _____

Нұсқауға N 1 қосымша
"Бекітемін"

/ІІМ, ІІБ-ның/ _____

/қызметі, атақ-шені/
/аты/ _____
/фамилиясы, аты-жөні, күні/

МАИ бланкілерін, сандық белгілерді
дайындаушы-кәсіпорыннан /жөнелушіден/ қабылдау
АКТІСІ
_____ қаласы N _____ 19__ ж.
Негізі _____
акт жасаған комиссия
Төрағасы _____
/қызметі, атақ-шені, фамилиясы, аты-жөнінің бас әріпі/
Комиссия мүшелері _____
/қызметі, атақ-шені, фамилиясы, аты-жөні/

Қатысқандар _____

/қызметі, атақ-шені, фамилиясы, аты-жөні/

19__ жылдың " __ " _____ комиссия мынандай шешім қабылдады

19__ жылдың " __ " _____ N _____ қосымша қағаз бойынша

_____ нан /дан/

/дайындаушы кәсіпорынның /жөнелтушінің аты/

_____ дана қорап /жәшік/

/бланкі, сандық белгілердің түрі/

келіп түсті. Ашқан кезде _____

болды.

/бланкінің, сандық белгілердің сериялары жазбаша/

_____ бланка, сандық белгі толық алынды.

Алынған бланка, сандық белгі саны мен жөнелтуші құжатында
көрсетілген сан арасында алшақтық жоқ.

Комиссия төрағасы _____

/қолы/ /фамилиясы, аты-жөні/

Комиссия мүшелері _____

/қолы/ /фамилиясы, аты-жөні/

Нұсқауға N 27 қосымша

Қатаң есепте болатын бланкілер мен сандық
белгілердің түсу және жұмсалыу
есебінің
КІТӘБІ

Түсуі

Түскен	Қосымша	Кімнен	Сериясы	Нөмірлері	Саны
ай-күні,	қағаз	алынды			
жылы	N		... но.	... номерге	
		мерден	дейін		
1	2	3	4	5	6
7					

Жұмсауы

Жұмсалған күні,	Кімге берілді	Сериясы	Нөмірлері		Саны	Қалдығы
жылы		... но.	... номерге			
		мерден	дейін			
8	9	10	11	12	13	14

Ескерту: Белгілер мен бланкілердің әрбір түріне жеке бөлім беріледі.

N 27 қосымша

Қатаң есептегі бланкілер мен санбелгілердің

түсуі мен жұмсалуды есептеу

КІТАБЫ

КІРІС

Түскен күні	Накладной N	Кімнен алынды	Сериясы	Рет саны	Саны
		басы	соңы		
1	2	3	4	5	6

ЖҰМСАЛУЫ

Жұмсалуды күні	Кімге берілді	Сериясы	Рет саны	Саны	Қалғаны
		басы	соңы		

Ескерту: Белгілер мен бланкілердің әрбір түріне кітапта
бөлек бөлім беріледі.